Суды пайдаланудың ортақ мәселесі мемлекеттер арасындағы энергетикалық және ирригациялық ерекшеліктердің бөлінуіне барып тіреледі, бұл тұрғыда Қырғызстан мен Тәжікстанға ірі ГЭС каскадтары мен су қоймалары тисе, Өзбекстан, Қазақстан мен Түркменстанға – суы жасанды түрде реттелетін мелиорациялаудың тармақталған жүйесі тиесілі. Гидроресурстарды пайдаланудағы ерекшеліктер аталған мәселені заманауи деңгейде шешудің әр түрлі тәсілдерін тудырып отыр. Қырғызстан мен Тәжікстанға суды құны бар тауар ретінде қарастырады. Екі жақтың да қызығушылықтары ұқсас. Олар Халықаралық Дублин конференциясының жариялаған қағидасына (1992) негізделеді, ол бойынша судың «оны пайдаланудың барлық бәсекелес түрлерімен қоса өзіндік экономикалық құны бар және ол тауар ретінде қарастырылуы тиіс» [8]. Дегенмен, Қазақстан мен Өзбекстан суды тауар ретінде қарастыруды мойындамайды.

Қазіргі таңда Өзбекстан мен Тәжікстан арасында Рогун ГЭС-ын тұрғызу және қолдану мәселесі бойынша қарама-қайшылықтар барынша өткір. Өзбекстан Рогунды тұрғызуға мүлдем қарсы бола тұрып, оны салу кезінде апат болған жағдайда бүкіл аймақ үшін апаттық экологиялық және экономикалық қауіп тудырады деген тұжырым ұстанады. Сондай-ақ Өзбекстан Рогунның жобалық және құрылыстық шешім-

дері кеңес уақытында қабылданып, мүлдем ескіріп қалды деп есептейді. Өзбек жағы Рогун бөгеті қауіпті еместігі жайлы халықаралық мамандардың жазбаша кепілдемесін алу мақсатында халықаралық сараптама жүргізуді талап етеді. Осы тұрғыда 2010 жылы Тәжікстан Бүкіләлемдік Банкпен Өзбекстанның негізсіз қауіптерін жоққа шығаруы тиіс Рогун жобасына халықаралық сараптама жүргізу жайлы келісімге келген. ББ есептерінің қорытындысы бойынша Рогун жобасы тіршілікке жарамды және қауіпсіз, қоршаған орта мен халыққа ешбір зиян келтірмейді деп табылған. Өзбек-тәжік мемлекетаралық қарым-қатынастарының ушығуы жағдайында өзбек жағының ББ сараптамасы нәтижесіне деген қатынасы таңғалдырмайды. Өзбекстан сараптаманы ұйымдастыру, сарапшыларды іріктеу үдерісі және басқа да маңызды параметрлер халықаралық стандарттарға сай тұрғыда жүргізілмеді деп тұжырымдаған. [9] Әрине, ауыл шаруашылығы құрылымындағы мұндай өзгерістер Өзбекстан экономикасын әлсіретіп, жұмыссыздық деңгейін жоғарылататыны сөзсіз, және көршілеріндегі құрылыстан туындайтын жаңа мәселелермен республикаға билігі өз бетімен күресуіне тура келеді, себебі Тәжікстан келешегі зор жобадан туындайтын мәселелер үшін ештеңе төлемейтіндігі айдан анық.

Алайда бұл аймақтағы су мәселесіндегі өз ұлттық қызығушылықтарын Өзбекстан ғана қорғап жатқан жоқ. Қазақстан мен Қырғызстан арасында да су мәселесі бойынша қарама-қайшылықтар болған, дәлірек айтатын болсақ, Қырғызстан аумағында Қамбар-Ата ГЭС тұрғызу бойынша келіспеушіліктер туындаған. Алайда Қырғызстан мен Қазақстан ортақ келісімге келіп, өзара су-энергетикалық қажеттіліктерін келіскен. Орталық Азия республикаларының су мәселесі бойынша аймақтық деңгейде ортақ шешім таба алмауы барлық жақын орналасқан мемлекеттердің ТСР біріге тиімді пайдалануын қамтамасыз ету үшін шекара орнататын халықаралық су құқығы ТСР біріге пайдалану мәселесін реттей алмауымен де ушығанды [10]. Шындығына келгенде, қазіргі халықаралық су құқығы – келісілетін мемлекетаралық келісім-шарттар болып табылады. Сондықтан бүгінгі таңда трансшекаралық суды бөлу мәселесін халықаралық құқық нормаларын пайдалану тұрғысынан реттеу мүмкін емес. Осылайша, көптеген факторлардан туындайтын және күннен күнге артып келе жатқан су жетіспеушілігі ОА елдері үшін қауіптің бірнеше негізгі тобын құратын мықты факторға айналуы мүмкін. Орталық Азия республикаларының тәуелсіздік алуынан кейін трансшекаралық өзендер мемлекетаралық қарама-қайшылықтар мен аймақтық қауіпсіздік факторына айналды. Бірыңғай су шаруашылық кешені бұзылып, алдыңғы шепке тәуелсіз мемлекеттердің диаметралды түрде қарама-қайшы экономикалық қызығушылықтары шықты. Аймақтағы саяси жағдай да кенеттен өткірленіп кетті, себебі жоғарғы ағыс және төменгі ағыс елдері бір-бірінің суды пайдалану бойынша экономикалық қажеттіліктерін түсінгілері келмейді. Орталық Азия елдерінің өзара қарым-қатынасындағы әлсіз саңылау аймақтың су ресурстарын пайдалану жүйесінің келісілмеуі болып табылады, себебі төменгі ағыс елдері экстенсивті ауыл шаруашылығы саясатын жалғастырса, жоғарғы ағыс елдері гидроэнергетиканы дамытуға тырысуда. [11] Яғни, әр мемлекеттің қызығушылығы әр түрлі болып табылады.

Әлемдік қоғамдастық ОА-дағы бірыңғай трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселесін реттеу бойынша белсенді түрде әрекет қабылдауда. Бүгінгі күні аймақтағы халықаралық даму бойынша қаржы институттары мен ұйымдар саны өте көп: БҰҰ арнайыландырылған мекелемер мен құрылымдары (Бүкіләлемдік Банк, ЕЭК, БҰҰ, ЭСКАТО), Жаһандық Экологиялық қор, ОБСЕ, Еуропалық Кеңес, НАТО, Азия Даму Банкі және т.с.с. [12] Бұл ұйымдар ұлттық деңгейде, мемлекетаралық жобалар шеңберінде жұмыс жасап, техникалық шешімдерді әзірлейді, мамандарды даярлау бойынша қолдау көрсетіп, оларды жан-жақты қамтамасыз етеді, көптеген трансшекаралық жобалар арқылы аймақтағы серіктестікке себептесуге тырысады. Бүкіләлемдік Банк ОА елдеріне су-энергетикалық ресурстарды басқару бойынша шешім қабылдауда қолдау көрсету үшін аналитикалық құралдарды жетілдіру мақсатында су-энергетикалық ресурстарды дамыту бойынша кешендік Орталық Азиялық бағдарламаға бастама болған. Бағдарламаның негізгі құраушы бөліктері: энергетикалық ресурстарды дамыту, су-энергетикалық ресурстар арасындағы өзара байланыс.

2003 жылы аймақтың бүкіл елдерінің қатысуымен 2003-2010 жылдар аралығындағы Арал теңізі бассейніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту бойынша нақты іс-әрекеттер Бағдарламасы бекітілген, онда іскерліктердің негізгі бағыттары арасында «Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдаланудың келісілген механизмдерін әзірлеу» көрсетілген. Су ресурстарын аймақтық пайдалану мәселесі 2006 жылдың қыркүйегінде Астанада болып өткен ОА елдері көшбасшыларының ресми емес кездесуінде де қарастырылған. Оның үстіне, «Орталық Азия аймағындағы су-энергетикалық ресурстарды саналы пайдалану» мәселесі 2007 жылы ШОС саммиті шеңберінде көтерілген.

Аймақтың заманауи саяси, экономикалық және экологиялық жағдайы тиімді концепциялық шешімді талап етеді. Егер жұмыстар келісіліп, тұтынудың белгіленген нормалары ұстанылса, сәйкес суды үнемдеу

технологиялары енгізілсе және т.б., онда мамандардың бағалаулары бойынша қазіргі гидроресурстар барлық тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біршама жеткілікті болар еді.

Орталық Азиядағы су ресурстарының бөлінуі мен ортақ қолданылуы мәселесі 19 жыл бойы талқыланып келеді. 1993 жылдың өзінде аймақ елдерінің аталған мәселе бойынша келіспеушіліктері мемлекетаралық көздердің су ресурстарын біріге қолдану, пайдалану және қорғау саласындағы серіктестік жайлы Келісімімен жойылуы тиіс еді. Алайда бұл құжат соншалықты тиімді болмай шықты. Көптеген сарапшылар аталған құжат ескіріп қалды деп пікір білдіруде. Кейін тағы да бірнеше құжат қабылданған болатын, алайда олар да ресурстарды таралу мәселесін реттей алмады. Нәтижесінде Түркіменстан мен Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан, Қазақстан мен Қырғызстан арасында су ресурстарын пайдалану мәселесі тұрғысында күрделі қарым-қатынас туындауда.

Орталық Азияның су ресурстары мәселесі өзара байланысты мәселелер кешені болып табылады, олар: әлеуметтік, саяси, экономикалық мәселелер. Су ресурстарының тиімді менеджментінің болмауы су ресурстарын пайдалануда тежегіш механизмі және оларды ластаудан қорғау ролін атқарады. Аймақ елдерінің су ресурстары бойынша ұлттық заңнамалары тым «біржақты», және ұлттық мемлекет қызығушылықтарын ғана ескереді. Саяси элиталардың ортақ шешімге келуге даяр болмауы су ресурстары саласындағы шешім қабылдауға немесе тіпті тиімді серіктестік үшін басты кедергі болып табылады. Су ресурстары жағдайының ушығуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қауіп тудырады, су ресурстары мәселелерінен туындаған гипотезалық мемлекетішілік немесе мемлекетаралық жанжал бүкіл аймақ үшін орасан зор теріс салдарларға апарарды. Аталған мәселені көптеген сарапшылар мен ұйымдардың белсенді түрде зерттеп, көптеген нұсқамалықтар қабылданып жатқанына қарамастан, су ресурстары саласындағы жағдайды жақсарту бойынша жалпы аймақтық тұрғыда ешбір шынайы өзгерістер әзірше жоқ. Мемлекеттердің тиімді серіктестігінің (Қазақстан-Қырғызстан), аталған саладағы тиімді менеджменттің жеке мысалдары бар (Кіші Аралды сақтап қалу бойынша іс-шаралар). Аталған мәселе Орталық Азияның барлық елдерін қамтып, аталған мәселе бойынша өзара іс-әрекет Орталық Азияның барлық мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өте маңызды болып табылады. Аймақтың барлық мемлекеттерінің барлық қатысушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, біріге әрекет етуі су ресурстары мәселесін шешудің оңтайлы жолы болып табылады.

Осылайша, қандай да бір мәселелер шешіліп жатыр, алайда қажетті нәтижеге жетіп, аймақтың трансшекаралық гидроресурстарын басқарудың шынайы жұмыс жасайтын механизмін іске қосу әзірше мүмкін емес. Республикалардың мемлекетаралық деңгейде келісілген шешім қажеттілігі жайлы айта отырып, су резервтерін пайдалануға әр түрлі тұрғыдан қарауы қалыпты жағдайға айналып отыр. Тіпті қандай да бір трансшекаралық өзен бассейнінің әрбір жағы бірдей гидроресурстарға негізделетін өзіндік экономикалық стратегияларды әзірлеуге тырысады. Егер барлық осы жоспарларды біріктіріп, тұтас жоспар ретінде қарастыратын болсақ, онда ортақ су резервтері күтілетін ортақ нәтижені ақтамайтындығына көз жеткізуге болады. Бұл жерде жоғарғы және төменгі ағыс республикаларының бәсекелес ұлттық жоспарларының серіктестікке апарар жолдағы ушығулар мен кедергілер көзіне айналу қауіпі де бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жангазы Р., *О некоторых вопросах водно-энергетического комплекса ЦА: национальная безопасность и интересы Республики Казахстан // Analytic, аналитическое обозрение, информационно-аналитический журнал.*-2010.- №3(55), с. 53-62
- 2 Карымсакова К., Жангутин Б.О. *Орталық Азия мемлекеттерінің трансшекаралды өзендері// Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика» - 2016. – №1(44). – С. 99-101*
- 3 [электрон.ресурс].-2015.-<http://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstva-tsentralnoy-azii-problemy-sovmestnogo-ispolzovaniya-transgranichnyh-vodnyh-resursov>. (дата обращения: 06.03.2017)
- 4 Абенова Ж.А., Кузнецов Е.А., *Перспективы восстановления Аральского моря // Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика» - 2016. – №3(46). – С. 113-116*
- 5 Ауелбаев Б., Ержанов Т., *Политика стран ЦА и водно-энергетические проблемы региона // Analytic, аналитическое обозрение, информационно-аналитический журнал.*-2009.- №3(49).- С.13-18
- 6 Пикулина М.Л., *Проблемы трансграничных водных ресурсов в Центральной Азии // Казахстан Спектр, научный журнал » - 2013. – №1(63). – С. 30-42*
- 7 [электрон.ресурс].-2014.-<https://zonakz.net/articles/12832>(дата обращения: 06.03.2017)
- 8 КИСИ *Сотрудничество и безопасность в ЦА: состояние и перспективы, Алматы 2008.- С.28-35*
- 9 Abisheva M., *Kazakhstan and Central Asia: Problems of Cooperation // Central Asia's Affairs. – 2009. - №4(28). - С. 17-19.*
- 10 [электрон.ресурс].-2014-<http://ru.sputniknewsuz.com/analytics/20161102/4029095/Rogun-GES-ekologia-energetika.html> (дата обращения: 06.03.2017).

11 Barbara Janusz-Pawletta *Current legal challenges to governance of transboundary water resources in Central Asia and joint management arrangements*// *Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика»* - 2014. – №4(39). – С. 49-56

12 Karaev Z. *Water Diplomacy in Central Asia* // *The Middle East Review of International Affairs* - 2005. - №.1(9) - С.15-17

А.О. Рахимова¹, Ж.К. Сымтиков²

¹*магистрантка 2 курса специальности 6M020200 – «Международные отношения»,
кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ имени Абая,
a.rakhimova@sorbonne.kz*

²*доктор политических наук, заведующий кафедры международных отношений КазНПУ имени Абая,
zhomart-67@mail.ru*

ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Резюме

В статье рассматривается одна из важнейших проблем стран Центральной Азии – проблема совместного использования трансграничных водных ресурсов. Данная статья раскрывает вопросы структуры и практического значения водных ресурсов, а также анализирует региональные конфликты в Центрально-Азиатском регионе в отношении международного управления водными ресурсами. Кроме того, рассматриваются трудности и противоречия между стран Центральной Азии в использовании водных ресурсов и вопросы региональной безопасности. Дебаты об изменении режима эксплуатации трансграничных рек создают тревожный фон неопределенности и вызывают опасения за будущее ЦА. В этой связи в исследовании уделяется внимание причинам возникновения водных конфликтов, уделяя особое внимание политическим, экономическим, социальным и экологическим последствиям. В статье рассматриваются программы международной помощи странам ЦА способствующих решению проблем.

Ключевые слова: водные ресурсы, трансграничные реки, региональная безопасность, проблема совместного использования, межгосударственное соглашение, международно-правовое регулирование трансграничных водных ресурсов, Центральная Азия, политические конфликты

A.O. Rakhimova¹, Zh.Simtikov²

¹*undergraduate of 2nd course specialty 6M020200 – International relations,
Department of international relations of the Institute Sorbonne-Kazakhstan in KazNPU named after Abai
a.rakhimova@sorbonne.kz*

²*doctor of political sciences, chairperson of chair International relations
Kazakh National Pedagogical University named Abai
zhomart-67@mail.ru*

WATER RESOURCES OF CENTRAL ASIA IN REGIONAL SECURITY

Summary

The article deals with the problem of sharing transboundary water resources - one of the most important problems of Central Asia. This article reveals the structure and practical value of water resources, and analyzes the regional conflicts in the Central Asian region concerning the international water resources management. In addition, the article considers the difficulties and contradictions between the Central Asian countries and regional security issues. The debate about changing the operating regime of Transboundary Rivers creates a troubling atmosphere of uncertainty and fears for the future of CA. In this regard, the study focuses on reasons for water conflicts, focusing on the political, economic, social and environmental consequences. The article discusses the program of international assistance to Central Asian countries contributing to the solution of problems.

Key words: water resources, transboundary rivers, regional security, the issue of sharing, intergovernmental agreement, international legal regulation of transboundary water resources, Central Asia, political conflict

А.Әліпбаев¹, Б.Бөжеева²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: alipbayev19@gmail.com

²тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: bbuzeeva@gmail.com

ҚАЗІРГІ ЛАҢКЕСТІКТІҢ КЕЙБІР БЕЛГІЛЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ САРАПТАМА

Аңдатпа

Қазіргі қоғамдық-саяси және ғылыми пікір-сараптар мен зерттеулердің өте өзекті тақырыбы лаңкестік болып табылатындығы аян. Іс жүзінде әлемнің түкпір-түкпірінде, адамдар лаңкестіктің қызметінің әсерін өз бастарынан өткеруде. Мемлекеттің, биліктің, ғалымдардың лаңкестіктің шығу себептерін, оның даму болжамын, зардап шеккендердің мөлшері мен күрес әдістеріне қаншама түсініктеме бергендерімен, лаңкестік бұрынғыша жер бетіндегі әр адам өмірінің бөлінбес бөлшегі ретінде қалып отыр.

Алайда лаңкестік әрекеттерге қарсы тиімді күресті бастау үшін және алдын алу үшін бұл құбылыстың түпкі мәнін айқындап алу қажет. Жалпы мұның зорлық-зомбылықтың саяси негіздегі қолданысы немесе ең қатігез түрі екендігінде лаңкестік мәселесін зерттеуші көптеген ғалымдардың ойлары бір арнадан шығуда. Кез келген лаңкестік іс-әрекеттер саяси сарынға ие, өйткені лаңкестік түріндегі зорлық-зомбылық елдегі саясатты сақтауға немесе керісінше өзгертудің құралы ретінде әрекет етеді. Сондықтан да лаңкестікті жеке азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүддесінетікелей қатер туғызушы әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастыру қажет. Лаңкестікке тау-тау еңбектердің арналғанына қарамастан, оны бірегей тұтас құбылыс ретінде сараптап, саралап шықтық деуге болмас. Сонымен бірге осындай сараптама жасаудың мүмкіндігінің өзі күмәнді десе болады. Әрине, осы мақаланың авторлары да алдарына мұндай міндеттеме қойып отырған жоқ. Ондағы міндет – қазіргі лаңкестіктің тек кейбір белгілеріне ғана тоқталып өту.

Түйін сөздер: мемлекет, лаңкестік, әлеуметтік-саяси, қоғамдық-саяси, әлемдік қоғамдастық, зорлық-зомбылық, экстремизм

Кіріспе

Бүгінгі күні халықаралық лаңкестік мәселесі бүкіл әлем елдерімен бірге біздің еліміз үшін де өте өзекті болып отырғаны белгілі. Себебі, қоғамдық өмірдің қайшылықты жағдайларында көбінесе ұлтаралық және діни қатынастардың шиеленісу үрдістері белең алып, тура және жанама түрде халықтар арасында өзара сенімсіздікті және өшпенділікті, экстремизм және оның ең соңғы түрі – лаңкестікті тудыруда.

Елімізде өмірдің шынайылығына айналған бұл қасіретке қарсы 2010 жылдың 1 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің №922 Жарлығымен бекітілген «2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарында» да кез-келген қауіп-қатерді айқындап және алдын алу мен жою белгіленген [1]. Әсіресе, халықаралық лаңкестікпен, діни экстремизммен, трансұлттық есірткі бизнесімен және заңсыз көші-қонмен күрес саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударылған.

Жаңа қауіптер мен қатерлерді айқындау мүмкіндіктеріне сол мезгілде қол жеткізу үшін және соған қарсы тиісті шараларды қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінің сараптамалық-болжау жұмыстарын жаңа арнада жетілдірудің тиімділігін арттыру маңызды бағыттардың бірі болуға тиіс. Сонымен бірге экстремизм мен лаңкестікке қарсы тұру аясында еліміздегі ұлтаралық үйлесімділікті нығайту мақсатында және қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жергілікті тұрғындар мен азаматтық қоғам институттарының белсенділігін арттыру қажет. Соған орай Қазақстанның ұлттық және рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында қазіргі таңдағы еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі - жастар арасынан діни экстремизм мен лаңкестік топтарға тартылуының алдын алу.

Белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін 2013 жылы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің №648 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында 2013-2017 жылдарда діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы әрекет ету туралы Мемлекеттік бағдарлама» қабылданған болатын [2]. Мемлекеттік

бағдарламада діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы әрекет жасайтын мемлекеттік мекемелердің жаңа әдіс-тәсілдері мен түрлерін қарастырумен қатар халықтың діни сауаттылығын арттыруға да ерекше назар аударылған. Сол себепті лаңкестік пен діни экстремизмнің түп-тамырын жою бағытында оларға қарсы тұра алатын теориялық және тәжірибелік әдіс-тәсілдер мен әдістемелерді айқындау, сонымен бірге тиімді әлеуметтік-саяси және мәдени-идеологиялық ескертпелерді ойластырудың маңыздылығы ерекше болып табылады.

Теориялық-әдістемелік шолу

Лаңкестік мәселесінің түп-тамырын зерделеу барысында бихевиоризм, институционализм, сондай-ақ статистикалық, саяси-құқықтық және әртүрлі сараптамалық бағалау технологиялары кеңінен пайдаланылды. Мәселенің қарама-қайшылықтары мен қарқынын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсілді атап өтуге болады. Лаңкестікті зерттеуде әлеуметтік-саяси тәсіл лаңкестіктің мақсаттарын, міндеттерін, күштері мен құралдарын айқындауға мүмкіндік туғызды. Жалпы мұны осы мәселені қарастырудағы негізгі сүйенген тәсіл десе болады. Өйткені әлеуметтік-саяси тәсіл лаңкестікті зерттеуде бұл құбылыстың шығу себептерін әлдеқайда толыққанды түсіндіре отырып, лаңкестіктің сипаттағы қылмыстың дамуына қарсы тұру шараларының жүйесін айқындайды.

Ал лаңкестік пен діни экстремизмнің әрқилы бағыттары мен ағымдарын бір-бірімен салыстырмайынша, оларды толыққанды түсіну және бұл құбылыстардың ішкі мәнін ұғына қою мүмкін емес десе болады. Сондықтан да мәселені теоретикалық және әдістемелік тұрғыдан зерттеудің негізін ең алдымен салыстырмалы сараптамалар құрады. Сол ретте айқындағаннан кейін ғана лаңкестік пен діни экстремизмнің алдын алуға, ескертуге және бейтараптандыруға қатысты тиімді тұжырымдама жасауға болады. Салыстырмалы сараптама өз кезегінде тарихи шолумен толықтырылды, оның қажеттілігі лаңкестік пен діни экстремизмнің қазіргі кезеңдегі ілімін жақсырақ түсіну үшін нақтылы тарихына үңілумен дәйектеледі. Сол себепті мәселені талдау барысында тарихи әдістеме кеңінен қолданылды. Қоғамдық құбылысты зерттеудің әдістемелік негізі ретінде сондай-ақ диалектикалық әдістермен бірге жүйелі сараптау әдісін де атап өтуге болады. Бұл жерде сарапталынатын құбылыстар негізінен өзіне тән қарқындылығымен және өзара тәуелділігімен ерекшеленді.

Нәтижелер

Лаңкестіктің шығуы мен дамуына ықпал ететін негізгі жағдай – ол: әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, саяси, ұлттық, мемлекетаралық, діни және басқа да қайшылықтар мен шиеленістер екендігі белгілі. Сондай-ақ лаңкестік саяси жүйе талғамайтындығына көзіміз жетті.

Лаңкестіктің басты мақсаты – адамдарды мерт қылу арқылы үрей туғызу. Бүгінгі күні лаң салушылардың көпшілігі жүйелі де құпия түрде күрделі ұйымдастырылған топтар мен ұйымдардың маманданған жасақтары. Әлемдегі көптеген елдер лаңкестікке ерекше көңіл бөліп, оны қоғамға төнген басты қауіп-қатер деп біледі. Зерттеу барысында айқындалынған бүгінгі заманның шынайылығын ескеретін болсақ, қоғамды лаңкестіктен толығымен арылту мүмкін емес, тек қана оның болу мүмкіндігін азайту жағына бар күш-жігерлерін жұмсауы тиіс. Кез келген лаңкестік іс-әрекеттер саяси сарынға ие, өйткені лаңкестік түріндегі зорлық-зомбылық елдегі саясатты сақтауға немесе керісінше өзгертудің құралы ретінде әрекет етеді. Сондықтан да лаңкестікті жеке азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүддесіне тікелей қатер туғызушы әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастыру қажет деген болжам жасалынды. Лаңкестіктің ұлтшылдық сипаты негізінен дінмен жиі байланыстырылады, алайда әлеуметтік лаңкестіктің дәйектемелерімен ұрандарын да жоққа шығармайтындығы анықталды.

Пікірсапа

Лаңкестік мәселесі соңғы кездері өте елеулі құбылыстардың біріне айналып отыр. Өйткені ол ұлт, ел, шекара таңдамайды. Сол себепті де адамзат үшін өте қауіпті құбылыстың алдын алу, оны болдырмау, тамырына балта шабу - лаңкестікті жан-жақты сараптап, шығу себебін айқындауды қажет етеді. Сонда ғана лаңкестікке қарсы қабылданатын іс-шаралардың тиімділігі артары айқын.

Мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігіне ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі негізінде туындайтын лаңкестік қаншалықты ықпал ететіндігіне сараптама жасау да әр кезде өзекті мәселе болып қала бермек. Әртүрлі әлеуметтік және саяси негізде туып отырған лаңкестік қауіпіне қарсы тиімді іс-шараларды, алдын алу кимылдарын жүргізу бүгінгі күні ғаламдық деңгейдегі мәселеге айналып отыр. Бұған дәлел қазіргі кезде көптеген мемлекеттер басшыларының, арнайы қызмет және құқық қорғау органдары басшыларының, қоғам қайраткерлерінің, өкілдерінің лаңкестіктің қауіпсіздігін бәсеңдету, лаңкестікпен күресу мәселелеріне арналған жұмыс мәжілістері, халықаралық кездесулерінің саны күннен күнге көбеюде. Өйткені лаңкестіктің болу-болмауын болжау өте қиын. "... Ал діни негізге негізделінген лаңкестік ерекше қауіпті білдіреді..." [3].

Лаңкестікпен күрес жүргізу – бұл өте күрделі де қажетті үрдіс. Лаңкестікке қарсы күресті халықаралық қауымдастық күш біріктіре отырып жүзеге асырмаса, жеке мемлекет көлемінде жүргізу өте қиынға соғатыны сөзсіз. Шынмәнінде лаңкестік – бұл әлемнің жаңа қасіреті болды. Өйткені, лаңкестіктік бағыттағы топтар, ұйымдар саны әлемде көбейе түсуде. Олардың лаң салушылық іс-әрекеттері өз мемлекеттерінің аумағымен шектеліп қалмай, халықаралық деңгейге жайылып, бүкіләлемдік қауымдастыққа қатер төндіруде. Лаңкестік өзінің бүкіл даму сатысында көптеген әлеуметтік себепке негізделген құбылыс екендігін байқатты және оның өзгеруіне қатысты дамыды. Соған орай діни экстремизм мен лаңкестік мәселесіне өте мол ғылыми еңбектер арналған. Экстремизмнің алдын алудағы баспа ақпарат құралдарының рөлі де ерекше болып табылады [4]. Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының мамандары бұдан он бес жыл бұрын «Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии» атты монографиялық еңбектерінде діни экстремизм мен лаңкестіктің шығу көзі мен мәнін, бұл жағымсыз құбылыстың орталықазиялық аймақта таралу үдерісін қарастырады [5]. Бірқатар ғалымдар салафиттердің іс-әрекеттерін әшкерелеуге ұмтылуда. Өйткені бүгінгі күні елімізде ұлттық мүддеге қарсы салафизм ағымының кері әсерлері де ең соңында діни экстремизмге соқтырары анық [6]. Америкалық ғалымдардың ішінде Б.Хоффманның орыс тіліне аударылған «Терроризм – взгляд изнутри» атты еңбегінде Таяу Шығыс елдеріндегі сепаратистік лаңкестікке, дін мен лаңкестік құбылысына, әдіс-тәсілдеріне, технологиясына, лаңкестікшілердің ойлау қабілетіне көңіл бөледі [7]. Кейбір Қазақстандық ғалымдар Таяу Шығыс елдеріндегі сепаратистік қатынастардың жаңа халықаралық қақтығыстарға соқтырып отырғандығы бүгінгі күннің басты мәселесі екендігіне ерекше назар аудару қажет дейді [8]. Ал ресейлік С.У. Дикаев лаңкестіктің түрлерін, психологиялық астарларын, тарихи өзарашарттылығын зерттей келе, лаң салушылық - бұл негізінен қарсылық білдіру көрінісі деп тұжырымдаса [9], лаңкестікті әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеген В.И. Василенко оның саяси, сепаратистік, ұлтшылдық, діни, мемлекеттік және қылмыстық түрлерінің де болатындығын дәйектейді [10]. Жалпы лаңкестік мәселесін зерттеу барысында лаңкестік ұғымына бірнеше анықтама берілген. Солардың арасында америкалық ғалымдар В.Маллисон мен С.Маллисон: "лаңкестік –бұл жалпы немесе саяси мақсатқа жету үшін жүйелі негізде зорлық-зомбылықпен, күшпен қауіп туғызуды пайдалану"- десе, ресейлік заңгер Л.А. Моджорян: "лаңкестік – бұл қандай да бір белгілі саяси нәтижеге жету мақсатында жеке тұлғаның, ұйымның немесе үкімет органының жағымсыз мемлекеттік және саяси тұлғаның көзін жоюға бағытталған және мемлекеттік заңдық тәртіпті тұрақсыздандыру үшін жасалынған күштеу актісі", - деп түйіндейді [11].

Әрине лаңкестік түсінігі өте кең, сондықтан келтірілген анықтама көлемінде шектелуге болмайды. Лаңкестіктің алғашқы даму кезеңінде оның саяси тұлғаны жою немесе оның қызметіне ықпал ету құбылысымен байланыстырсақ, бүгінгі кезде лаңкестік кең көлемдегі күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс. Ол жүйелі негізде іске асатын, қоғамда орын алған құбылыс.

Әлеуметтік-саяси құбылыс ретіндегі лаңкестіктің күрделілігі оның неше түрін айқындайды. Ол өзіне тән саяси мақсатпен, ұйымдастырушылық құрылымымен, пайдаланатын күш-қуатымен, сондай-ақ басқа да белгілерімен сипатталады. Мұны неміс ғалымы Р.Рупрехт: "лаңкестік - күштеу тәсілдерін жүйелі түрде немесе үрей туғызу үшін пайдалануы арқасында саяси мақсатқа жетуімен сипатталады"- дейді [12]. Әлемдік қоғамдастыққа төніп отырған халықаралық лаңкестіктің кейбір мәселелері бойынша көзқарасты америкалық ғалым С.Ф.Эхоо өз еңбегінде толықтай түскен [13].

Осы ретте лаңкестіктің қыр-сырын ашуда мемлекеттік заңнамалар да өзіндік үлесін қосып келеді. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 заңының 1 бабында: терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы» деп анықтама берілген [14]. Дей тұрғанмен заңнамадағы бұл анықтама лаңкестіктің ішкі дүниесін толыққанды аша алмайды. Лаңкестікке итермелеуші күшті айқындау ғана оның алдын алуға, тыю жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары сөзсіз.

Сол ретте лаңкестікті анықтайтын факторлардың ішінде ерекше орынды алатын «ұлтшылдықты» да атап өткен дұрыс. Идеология, саясат және әлеуметтік тәжірибе іспеттес, ұлттық ерекшелік пен артықшылықты үгіттеуге бағытталған, ұлттық өшпенділікті тұтататын ұлтшылдық ерекше бүліншілік мүмкіндігіне ие, қоғамда әлеуметтік шиеленісушілікті ұлғайтуға, әртүрлі деңгейдегі жанжалдарды тұтатуға қабілетті, тіпті кейде оған барабар тиімді қарсы әрекет шаралары қарсы қойылмаса, тұтас мемлекетті жояды.

Қазіргі заман тарихы беттерінен бұл қағиданы растайтын көптеген мысалдарды білеміз. Атап айтсақ, үнді штаттары Пенджаб пен Кашмирдегі қанды қақтығыс, Югославиядағы әскери іс-қимыл, Шри-

Ланкедегі лаңкесті тамилдер немесе Түркиядағы күрдтер белсенділігі, бұлардың барлығы ұлтшылдықтан шығатын қауіпсіздік қауіпінің жоғары деңгейінің мысалы. Сондай-ақ, мәскеулік “демократтар” белсенді түрде қолдаған Балтық жағалауындағы республикалардағы ұлтшылдық құбылыстар, Таулы Карабахтағы армян-эзербайжан жанжалы, Орталық Азия Республикаларындағы, Украинадағы, тіпті Ресейдегі ұлтшыл-сепаратистік іс-әрекеттер КСРО-ның жойылуына да әкелді [15]. Бірақта Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін де ұлтшылдық жаңадан құрылған мемлекеттер шекараларында өзінің бүліншілік ықпалын тоқтатқан жоқ. Ол темірді жейтін тот сияқты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының көптеген елдеріндегі қоғамдар мен мемлекеттердің негізін әлсіретуде. Бұған дәлел Шешенстандағы орын алған оқиғалар, бейбіт өмір сүріп жатқан қаншама мыңдаған халықтың өмірін қиған. Бұл оқиғалар ұлтаралық қатынасты уақытында реттеу мәселесіне өкіметтің немқұрайлы қарауы, саяси, экономикалық сипаттағы ауыр кешірілмейтін зардаптарға әкелгендігінің айғағы болды. Сонымен қатар бұл оқиға - ұлтшылдық пен лаңкестіктің тығыз өзара байланыста екендігін айқын паш етіп көрсетті.

Лаңкестік әртүрлі мәнді фактілердің кең ауқымын анықтайды. Бірақта солардың ішінен сондай күшті, терең және ұзақ уақытты лаңкестіктің салдарларын тудыратын ұлтшылдықты табу мүмкін бе?

Ұлтшылдық адамның өте терең және сезімтал психологиялық қасиеті, ол сыртқы кейбір оң және теріс қимылдарға тез тітіркене қалатын қабілетке ие. Ұлттық намысқа сырттан кемсітушілік байқалған жағдайда осы ұлт өкілінің бойында тезарада біржақты келеңсіз әрекет етушілік байқалады. Адам бойындағы осындай қасиетті кейбір топ өз мақсатында пайдалануға ұмтылады. Осының негізінде лаңкестіктің ұлтшылдық сипаты да бүгінгі күні кең етек алуда. Ұлттық сезімге әсер еткен дақ көп уақытқа дейін жойылмауы да мүмкін. Бұл тіпті ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Мысалы, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы армян халқын түріктердің жаппай қырып-жоюы армян халқының тарихи жадында терең із қалдырды, бұл бүгінгі күні Арменияның Түркия және Эзербайжанмен қатынасына өзіндік әсерін тигізуде. Немесе Ресейдегі шешен халқының орыстарға, федералды әскерге деген өшпенділігі оларға кезінде, XX ғасырдың 40-жылдарындағы кеңестік одақ жағынан жасалынған қысымшылдық, ұлт өкілдерін жер аудару негізінде туғандығы сөзсіз. Осындай сәтті пайдаланып экстремистік топтар, ұйымдар нақтылы мақсаттарын жасырып, сол мақсатқа жетуде халықтың ұлттық сезімімен бүркеніп іс-әрекет жасағаны белгілі.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы тұру туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 заңының 1 бабына сәйкес «Экстремизм – бұл:

- жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;
- нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);
- діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы деп айқындалған [16]. Осыдан-ақ экстремизмнің саяси астарлы әрекеттерге негізделетіндігін аңғаруға болады. Ал қазіргі сәтте экстремистік мақсаттарға жету немесе бұл қызметтің дәйектемесі лаңкестіктік іс-әрекеттермен жалғасуда.

Қорытынды

Жалпы лаңкестік жөніндегі анықтамаларды сараптай келіп, оның көпшілігі саяси мақсатқа жетуге ұмтылуда зорлық-зомбылық тәсілдерін пайдалана отырып тек мемлекетке, саяси жүйесіне қарсылығымен де шектелетіндігін байқауға болады.

Лаңкестікті саяси және идеологиялық мақсаттарға жетудегі қандайда топтың күштеу әдістерін пайдаланатындығымен байланыстыра отырып, лаңкестіктің шығуы мен дамуына әлеуметтік қайшылықтардың да жан-жақты ықпал ететіндігі айқын. Әлеуметтік құбылыс ретінде лаңкестік көпқырлы. Ол экстремистік лаңкестіктік идеологияны, терроризмнің қандай да түрін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылықтың тұтас құрылымын, лаңкестіктік тікелей іс-әрекетін өз бойына сіңірген деп айтуға болады.

Лаңкестіктің мәні жағынан әлеуметтік-саяси құбылыс екендігін білдіретін негізгі белгілеріне көңіл аударатын болсақ, оның қатарына үрей туғызу мен зорлық-зомбылықты пайдалануы; жабайы лаң салушылық әрекеттерінің негізінде баспасөзде жарнама жасауы арқылы қоғамға жария етуі; саяси қарсыластарының әлсіреуіне, өздерінің саяси ұстанымының нығаюына, яғни саяси мақсаттарға жетуге бағытталуы; лаң салушылардың өз мақсаттарына жетуде қоғамға, жеке тұлғаларға қауіп төндіретін кез-келген құралды пайдалануына дайындығы; лаңкестіктің құбылыс ретінде заңсыздығы, қоғамдық ізгілік пен негізгі құқық парықтарына қарама-қайшылығы; құпия әрекет етуді лаңкестіктіктік құрылымның өмір сүру шарты ретінде пайдалануы жатады.

Ал ұлтаралық шиеленістерді тудыру лаңкестік топтардың өзіндік пайдасына негізделетіні белгілі. Сол себепті де ұлтаралық шиеленістердің алдын алу, лаңкестік топтардың ұлттық намысты өз мақсатында пайдалануға жол бермеу үшін жергілікті билік ұлтаралық қатынастағы мәселелерге өте ұқыпты қарап, өзаратимді шешімін таба білуі қажет. Олар барлық саяси, экономикалық, әкімшілік шешім қабылдау барысында оның салдарына көз жіберіп, ұлтаралық қатынастарға ешқандай қиямет жасалынбайтындығын бағдарлай білуі тиіс, сонда ғана келеңсіз жағдайдың алдын алу мүмкіндігі ұлғаяды.

Жалпы лаңкестікті ғылыми негізде сараптау, оған тән сипаты мен түрін айқындау ұлттық қауіп туғызатын лаңкестіктің алдын алатын жүйенің қалыптасуына зор септігін тигізетіндігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары» 2010 ж. 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 922 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docsU100000922>. 09.10.2017.

2 «Қазақстан Республикасында 2013-2017 жылдарда діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы әрекет ету туралы Мемлекеттік бағдарлама» 2013 ж. 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің № 648 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docsU1300000648>. 19.09.2017.

3 Нуркенов Д.Е., Кузнецов Е.А. Исторические проявления терроризма // Вестн.КазНПУ. Сер. Международная жизнь и политика. -2017. № 2. -С. 32.

4 Сабитова Ш.А., Турысбек А.К. Роль СМИ в сфере противодействия проявления экстремизма // Вестн.КазНПУ. Сер. Международная жизнь и политика. -2017. № 2. -С. 72.

5 Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии: А.Г.Косиченко, М.С.Ашимбаев и др. –Алматы:Дайк-Пресс, 2002. -213 с.

6 Шингалиева А.К., Симтиков Ж.Ж. Салафизмнің Қазақстанға ықпалы //Вестн.КазНПУ. Сер. Международная жизнь и политика. -2016. № 4. -С. 75.

7 Хоффман Б. Терроризм взгляд изнутри //Пер с англ. Е.Сажина. -М.:Ультра. -2003. -264 с.

8 Төлегенов Т.З., Биқадамов А. XX ғасырдың аяғындағы Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастар //Вестн.КазНПУ. Сер. Международная жизнь и политика. -2015. № 3. -С. 93.

9 Дикаев С.У. Террор, терроризм и преступления террористического характера. - СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс», 2006. - 464 с.

10 Василенко В.И. Терроризм как социально-политический феномен. Монография / Общ. ред. А.А.Прохожеев. -М.: Изд-во РАГС, 2002. -220 с.

11 Байчаров А.М. Неоколониализм и международный терроризм. –Минск, 1985.-158с.

12 Зеленков М.Ю. Терроризм – крайняя форма экстремизма и современная угроза национальным интересам России // <http://nic-pnb.ru/terrorism-ekstremizm-separatizm/terrorism-krajnyaya-forma-ekstremizma/> 21.12.2016.

13 Echo C.F. The Pen and the Sword: Press, War, and Terror in the 21st Century. Los Angeles; London: SAGE Publications, 2010.

14 «Терроризмге қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docsZ990000416>. 17.08.2017.

15 Современный терроризм: состояние и перспективы. Под ред. Е.И. Степанова. -М., 2000. -С.98

16 «Экстремизмге қарсы тұру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 заңы // Егемен Қазақстан. 26.02.2005 ж. № 40-41.

А.Алипбаев¹, Б.Бюжеева²

¹кандидат исторических наук, доцент кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
e-mail: alipbayev19@gmail.com

²кандидат исторических наук, доцент кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
e-mail: bbuzeeva@gmail.com

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НЕКОТОРЫХ ПРОЯВЛЕНИЙ СОВРЕМЕННОГО ТЕРРОРИЗМА

Резюме

Известно, что актуальнейшей темой современных общественно-политических и научных дискуссий и исследований является терроризм. Практически в каждом уголке мира, люди испытывали на себе влияние

террористической деятельности. И каковы бы не были объяснения государства, власти, ученых о причинах возникновения терроризма, о прогнозах его развития, количестве жертв и методах борьбы, терроризм по-прежнему остается неотъемлемой частью жизни каждого человека на земле.

Но для того чтобы начать действенную борьбу и предупреждать последующие террористические акты, нужно выяснить саму сущность данного явления. Многие исследователи проблем терроризма сходятся в том, что это политически мотивированное применение или угроза применения крайних форм насилия. Любая террористическая акция несет в себе политический заряд, так как насилие в форме терроризма выступает инструментом сохранения либо, наоборот, изменения проводимой в стране политики. Поэтому терроризм следует рассматривать как социально-политическое явление, представляющее явную угрозу жизненно важным интересам личности, общества и государства. Несмотря на то, что терроризму посвящены горы литературы вряд ли можно утверждать, что удалось проанализировать и описать его как единое целостное явление. Более того, возникает сомнение в принципиальной возможности подобного анализа. Разумеется, подобной задачи не ставят перед собой и авторы данной статьи. Задача ее – остановиться лишь на некоторых проявлениях современного терроризма.

Ключевые слова: государство, терроризм, социально-политические, общественно-политические, мировое сообщество, насилие, экстремизм

A. Alipbayev¹, B. Byuzheeva²

*¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Chair of International Relations and World Economy, of Department of International Relations of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: alipbayev19@gmail.com*

*²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Chair of International Relations and World Economy, of Department of International Relations of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bbuzeeva@gmail.com*

COMPARATIVE ANALYSIS OF SOME MANIFESTATIONS OF THE MODERN TERRORISM

Summary

It is known that the hottest topic of the modern social and political and scientific discussions and researches is terrorism. Practically in each corner of the world, people were influenced by terrorist activities. And what explanations of the state, the power, scientists about terrorism origins, about forecasts of its development, the number of the victims and methods of fight would not be, terrorism still remains an integral part of life of each person on the earth.

But to begin effective fight and to prevent the subsequent acts of terrorism, it is necessary to clarify an entity of this phenomenon. Many researchers of problems of terrorism meet that this politically motivated application or threat of application of extreme forms of violence. Any act of terrorism bears in itself a political charge as violence in the form of terrorism appears the instrument of saving or, on the contrary, changes of the policy pursued in the country. Therefore terrorism should be considered as the socio-political phenomenon posing an explicit threat to the vital interests of the personality, society and state. In spite of the fact that mountains of literature hardly are devoted to terrorism it is possible to claim that it was succeeded to analyse and describe it as the uniform complete phenomenon. Moreover, there is a doubt in a basic possibility of the similar analysis. Certainly, the similar task isn't set for themselves also by authors of this article. A task her - to stop only on some manifestations of modern terrorism.

Keywords: state, terrorism, socio-political, social and political, world community, violence, extremism

E.A. Nadezhuk¹

*¹PhD-student, Faculty of History, Archaeology and Ethnology, al-Farabi Kazakh National University, Almaty
e-mail: enadejuk@gmail.com*

KAZAKHSTANI HISTORIOGRAPHY ABOUT RELATIONSHIPS BETWEEN REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EUROPEAN UNION

Annotation

The problem of cooperation between the Republic of Kazakhstan and the European Union are actively studied by Kazakhstani scholars. The experts in the field of international relations, international law, history, political science, law, economic sciences are interested in various aspects and levels of this issue. Historiographical review is devoted to analysis of research by Kazakhstani scientists about the relationships between the European Union and the Republic of Kazakhstan. The study of various scientific positions, the analysis of all major current trends makes possible to compile the most complete picture of Kazakhstani scientific research in the sphere of relations between the Republic of Kazakhstan and the European Union.

Key words: Republic of Kazakhstan, European Union, cooperation, historiographical review, Kazakhstani scholars, research directions

Relationships between the Republic of Kazakhstan and the European Union in the various aspects and levels of cooperation is in the process of learning and scientific understanding of the experts in the field of international relations, international law, history, political science, law, economic sciences as in Kazakhstan as in other countries.

The first general treatises on foreign policy of the Republic of Kazakhstan were the proceedings by K.K. Tokaev: the book "Under the banner of independence" published in 1997; the monograph "The foreign policy of Kazakhstan in conditions of globalization" published in 2000; the monograph "The diplomacy of the Republic Kazakhstan" which was published in 2001 [138]. In these writings considerable attention has been given to Kazakhstan's policy in relation to international organizations, in particular the European Union, the problem of finding by Kazakhstan of its place in a changing world, and the country's foreign policy priorities [1].

Scientific School for the Study of European Integration, headed by Professor, Doctor of Historical Sciences Zh.U. Ibrashev, was developed in Kazakhstan in the second half of the 90s. It included such researchers on issues of European integration as Zh.U. Ibrashev, K.I. Bayzakova, I.L. Burnashov, M.Sh. Gubaydullina, F.T. Kukeeva, M.T. Laumulin, K.N. Makasheva, G.A. Movkebaeva, I.A. Chernyh.

Kazakhstani researchers in their works paid attention to studying general issues of bilateral cooperation, different aspects of cooperation of Kazakhstan with the European Union, trends and challenges, which were reflected in the individual articles and collective monographs by Kazakh scholars.

We must highlight the first two collective monographs devoted to the issue of cooperation between the countries of Central Asia and the EU: "The European Union and Central Asia", written by a team led by Professor Zh.U. Ibrashev which was published in 2000 and "Central Asia in the foreign policy of the European Union", created and published in 2004.

The monograph "The European Union and Central Asia" consists of investigations of the basic directions of activity of the European Union in the new independent states of Central Asia, the mutual interests of the European and Central Asian regions, the analysis and comparison of general trends manifest in the Eurasian region, have been raised in this monograph for the first time in Kazakhstan's science. Focusing on the integration of the Central Asian space in the world economy and trade, the authors note that an important and necessary condition for such integration is the "European Union's cooperation with Central Asian states. The interaction of the Central Asian states with the EU is also one of the factors of success of democratic reforms and the transition to a market economy, especially now that the EU has become a major component of economic and political development of Europe, a center of attraction for most of the countries of the continent" [2, c. 7-8].

Following questions were considered in the collective investigation: the establishment of the EU relationship with Central Asia, political and legal framework of cooperation; priorities for EU activities in Central Asia; experience of European integration and its application in the territory of Central Asia; activity of programs TACIS and Tempus in the Central Asian region; economic, investment and trading activities of the EU member states in Central Asia.

Collective research "Central Asia in the foreign policy of the European Union" [3] was devoted to the study of the establishment of the EU's relations with the newly independent states of Central Asia; program "TACIS" in Central Asia; EU interests in the Caspian region; energy security; EU Environment Program for Central Asia; political and legal aspects of the fight against terrorism; experience of European integration and its application in the territory of Central Asia.

Monograph by Professor Zh.U. Ibrashev and E.T. Ensebayeva "The European Union in the foreign policy of Kazakhstan" was the first attempt of the comprehensive study and lighting the various aspects of the fruitful cooperation between Kazakhstan and the European Union.

In 2003, E.T. Ensebaeva had defended her thesis for the degree of Candidate of Sciences "The European Union's foreign policy of Kazakhstan".

In these papers, the authors studied in detail the issues of political, economic and cultural cooperation between Kazakhstan and the EU in the first decade of independence of the Republic of Kazakhstan, carefully analyzed The Partnership and Cooperation Agreement, signed in 1995, summed up the first results of our country's activities in this area [4].

Articles and monographs by known Kazakhstani scientist and diplomat M.T. Laumulin have made an important contribution to the study of the questions [5,etc].

In a special chapter of his monograph "Kazakhstan in the modern international relations: security, geopolitics, political science," the author examines the history of the development of relations between Kazakhstan and the EU, reveals the problems and prospects of cooperation from the perspective of economic, political and strategic interests of the EU.

In the last ten years, Kazakhstani scientists pay considerable attention to the study of the basic directions of development of cooperation between Kazakhstan and the European Union.

One of the main specialists in this field of investigation is the professor, doctor of science K.I. Bayzakova [6, etc].

Bayzakova K.I. examines the legal framework of building relationships between EU and Kazakhstan and practical results of its implementation, analyses the prospects of development of cooperation between Kazakhstan and the EU in the context of a new agreement on cooperation, analyzing new opportunities that will get by our country as a result of its use.

Regional security in the framework of Kazakhstan's cooperation with the EU is in the center of attention of K.I.Bayzakova and studied in many of her articles and publications.

Doctor of Historical Sciences, Professor Gubaidulina M. Sh. considers the problems and prospects of implementation of the EU Strategy for Central Asia in her monographs and articles [7].

She examines the priorities and perspectives of the European Union and Kazakhstan's cooperation in that context. The object of her attention is also building a relationship between the SCO and the EU and the role of Central Asia and, in particular, Kazakhstan, in the process.

Works of the author characterized by a very broad empirical basis, in-depth analytical approach, the use of a wide range of research methods.

Movkebaeva G.A., Doctor of Historical Sciences, Professor, is one of the leading experts in the field of European Union foreign policy. She is the author of monographs, textbooks, manuals, articles on the theory and practice of foreign-policy strategy of the European Union [8,etc] .

Research of this scholar in the field of formation and development of relations between the European Union and Kazakhstan first and foremost concerns of issues of regional and energy security. In her articles Movkebaeva G.A. analyzes major components of the EU-Strategy in Central Asia with regard to security, EU security issues, cooperation with the Central Asian countries in the field of security, measures to ensure security in the region and the decision level to ensure security.

После окончания «Холодной войны» ООН изменила свою направленность и расширила масштаб полевых операций. Организация перешла от «традиционных» миссий, обычно связанных с функциями наблюдения со стороны военного персонала, к сложным «многоплановым» операциям. Задачи новых операций состоят в том, чтобы обеспечить выполнение всеобъемлющих мирных соглашений и оказать помощь в формировании основ для устойчивого мира.

Характер конфликтов проводимых операций тоже подвергся изменениям. Миротворческий механизм ООН, задуманный как средство урегулирования межгосударственных конфликтов, находит все более широкое применение в ситуациях, связанных с внутрисударственными конфликтами и гражданскими войнами.

Сегодня же миротворцы ООН чаще привлекаются к решению широкого спектра сложных задач — от оказания помощи в создании устойчивых институтов управления до мониторинга прав человека, от реформирования сектора безопасности до разоружения, демобилизации и реинтеграции бывших участников вооруженных сил.

Помимо выполнения основных требований для развертывания традиционных операций (согласие всех конфликтующих сторон, заключение сторонами соглашения о перемирии, либо прекращении огня, применение оружия только в целях самообороны), необходимо соблюдать объективность и нейтральность личного состава миротворческих сил. Такие операции не достаточно эффективны для полного решения локальных войн и столкновений, так как они значительно ограничены в возможностях. Однако некоторые из них позволили локализовать конфликт, оказали общее, сдерживающее и стабилизирующее действие и создали условия для его урегулирования и разрешения мирными средствами. С их помощью удавалось «заморозить» конфликт на длительное время. Это в полной мере относится к операциям, проводившимся под эгидой ООН в разные годы на Ближнем Востоке, в штате Джамму и Кашмир (конфликт между Индией и Пакистаном), на Кипре, в Йемене, в Афганистане, Анголе и других странах и регионах мира. [4]

Первыми двумя операциями Организации Объединенных Наций были Орган ООН по наблюдению за выполнением условий перемирия (ОНВУП), учрежденная в мае 1948 году и Группа военных наблюдателей ООН в Индии и Пакистане (ГВНООНИП) первая группа которых прибыла в район распоряжения в январе 1949. В 1971 году военные действия в этом регионе были возобновлены. Обе миссии, действующие до сих пор и имеющие в штате несколько сот человек, могут служить примером осуществления операций по наблюдению и контролю. Стоит отметить, что военные наблюдатели Организации Объединенных Наций не имели оружия.

Первая миротворческая операция с вооруженным контингентом – Первые чрезвычайные вооруженные силы Организации Объединенных Наций (ЧВСОООН I) – была проведена в 1956 году в связи с Суэцким кризисом. Первоначальное местоположение этой операции была зона Суэцкого канала и Синайский полуостров. Позднее – вдоль демаркационной линии перемирия в районе Газа и международной границы на Синайском полуострове (со стороны Египта). В ней участвовали 6073 военнослужащих, а также набранный на международной и местной основе гражданский персонал. Эти силы были учреждены для обеспечения прекращения военных действий и контроля за этим процессом, включая вывод вооруженных сил Франции, Израиля и Соединенного Королевства с египетской территории, а после вывода — для выполнения функции буфера между египетскими и израильскими вооруженными силами.

С начала миротворческой деятельности ООН осуществила 69 операций по поддержанию мира, 56 из них были проведены после 1988 года. За эти годы в операциях ООН приняли участие сотни тысяч военнослужащих, десятки тысяч полицейских и другой гражданский персонал из более 120 стран мира. [5]

На пороге XXI века ООН провела всесторонний анализ проблем и приступила к его реформе. Цель реформы состояла в том, чтобы укрепить потенциал в сфере эффективного управления полевыми операциями и их поддержки. Более глубокое осознание ограничений и возможностей своей миротворческой деятельности позволило ООН приступить к решению новых даже более сложных задач. Так, в течение следующего десятилетия Совет Безопасности также санкционировал развертывание масштабных и сложных операций в ряде африканских стран: Бурунде, Чаде и Центральноафриканской Республике, Кот-д'Ивуаре, Демократической Республике Конго, Мали, Либерии.

В настоящее время достаточно активную внешнюю политику в отношении стран Африканского реги-

она проводит Франция. Франция предоставила независимость своим бывшим колониям на континенте, тем не менее она продолжила координировать различного рода действия в самих колониях. При этом со многими бывшими колониями у нее существуют или договоры о военно-техническом сотрудничестве или договоры об обороне. Договоры об обороне предусматривали ответственность Франции за защиту данной страны от внутренних и внешних угроз. Это давало ей возможность оперативно реагировать на любое изменение военно-политической обстановки в регионе, при этом используя свои вооруженные силы.

Стоит отметить, что Франция проводит миротворческие операции в интересующих их странах Африканского континента не только как самостоятельные силы, но и в рамках ООН. Так, когда в 2004 году в Кот-д'Ивуаре вспыхнула гражданская война, разделившая страну пополам, Вооруженные Силы (ВС) Франции приняли участие в операции ООН по поддержанию мира. Целью ВС Франции была защита гражданского населения и поддержка правительства. Задача миротворцев состояла в наблюдении за «Зонай доверия» – полосой земли, отделяющей управляемый правительством юг и контролируемый оппозицией север, - восстанавливая при этом доверие между сторонами в интересах воссоединения страны. Операция ООН в этом регионе (ООНКИ) завершила выполнение своего мандата 30 июня 2017 году.

Вооруженные Силы Франции были задействованы в операциях и миссиях ООН не только в Кот-д'Ивуаре, но и в других странах Африканского континента. « С началом военной операции в Мали и в Центральной Африке в 2013 году французское общество осознало всю серьезность положения в Сахеле – стало очевидным что обстановка сложившаяся в регионе представляет угрозу не только для соседних стран, но и для государств Европы».[6] В 2003 году ООН проводила операцию в Либерии, целями которой были: поддержка в выполнении соглашения о прекращении огня и осуществлении мирного процесса; защита персонала ООН, объектов и гражданских лиц; поддержка деятельности по оказанию гуманитарной помощи и помощи в области прав человека; поддержка реформы в сфере безопасности, включая подготовку национальной полиции и формирование новых, реформированных вооруженных сил. Миссия ООН по стабилизации в Демократической Республике Конго в 2010 году. Цель: Защита гражданского населения, сотрудников гуманитарных операций и защитников прав человека от непосредственной угрозы физического насилия, а также оказание поддержки правительству ДРК в его работе по стабилизации и консолидации мирного процесса. Многопрофильная комплексная миссия ООН по стабилизации в Мали (МИНУСМА) в 2013 году. Целями миссии были: поддержка политических процессов в стране и выполнения ряда задач по обеспечению безопасности.[7] Во всех этих миссиях ООН по поддержанию мира и безопасности, Франция заняла роль активного соучастника.

Интересно что, в основном военное вмешательство Франции не встречает никаких протестов среди бывших колоний и почти никогда среди других стран Африки. Вмешательство ВС Франции в Кот-д'Ивуар осудили лишь португальская Ангола и ЮАР, а операцию в Мали – уже бывший президент Египта М.Мурей. К тому же представители ООН не препятствуют тому, чтобы французские патрули оставались в Мали, даже на неопределенный срок.

Подводя итоги, можно прийти к выводу, что все изменения происходящие в структуре Организации Объединенных Наций не случайны. Сегодня на смену периода «холодной войны», когда межгосударственные вооруженные конфликты угрожали международному миру и безопасности пришли, так называемым ОПМ «второго поколения». В наше время конфликты часто происходят между многочисленными вооруженными группировками, которые преследуют разные политические цели. И поэтому, порой бывают случаи, когда договоренности о прекращении боевых действий конфликтующих сторон не выполняются. В подобных ситуациях целесообразность присутствия ООН ставится под сомнение. В результате постоянно меняющихся линий конфронтации, задачи миротворцев ещё более усложняются.

Тот факт, что Организация существует и активно работает вот уже более 75- и лет говорит сам за себя. Безусловно, ООН ещё не раз подвергнется реформированию, а как скоро – это вопрос времени.

Список использованной литературы:

1 Карякин В.В., Зиновьева В.С. Миротворческая деятельность, её роль и место в поддержании международного мира и обеспечении коллективной безопасности Организации Договора о коллективной безопасности: сб. докладов. - М.: Москва, 2014 -С. 40

2 Мусин А.Б. Миротворчество в современном мире: опыт и проблем // журнал «Аналитик». – 2010- №2 С.23

3 Вахтанг Джананияш Площадь мира // журнал « Эксперт». – М.: Москва, 2017, 42(1048) с. 42

4 Сембинов М.К. Проблемы эффективности миротворческих операций ООН в современном мире// Вестник КазНПУ им. Абая. Серия международная жизнь и политика -2012- №3 – С.34

5 История миротворческих операций [Электронный ресурс]. –2010.–URL: <http://www.un.org/ru/peacekeeping/operations/> (дата обращения: 05.11.17)

6 Усова М.В., Чумаченко Т.Н. Внешнеполитический курс Франции на современном этапе// Вестник КазНПУ им. Абая. Серия международная жизнь и политика. - 2016-№1. - С.128

7 Пастернак Р. Роль Франции в разрешении вооруженных конфликтов в Африке [Электронный ресурс]. – 2010. – URL: <http://www.un.org/francija/peacekeeping>(дата обращения: 15.11.17)

Ш.Н. Ташиболатова¹, Т.Н. Чумаченко²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ халықаралық қатынастар кафедрасының Сорбонна-Қазақстан Институтының I курс магистранты

²Ғылыми жетекшісі, с.ғ.қ., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ халықаралық кафедрасының бас оқытушысы

БІТІМГЕРШІЛІК ҚЫЗМЕТІ: ПАЙДА БОЛУ ТАРИХИ, ТҮРЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Түйін

Мақалада бітімгершілік түсінігі және оның пайда болу тарихы туралы айтылады. Автор бітімгершілік терминдің БҰҰ қызметінің барысында пайда болу себептерін талдайды. Мақалада бітімгершілік тек қана тұжырымдама ретінде емес, сонымен қатар іс-әрекет ретінде пайда болған жағдайларға арналған. Мақалада БҰҰ бітімгершілік күштері мен «бітімгершілер» тұжырымдамасын қолдану критерийлері талқыланып, БҰҰ бітімгершілік және қауіпсіздік операцияларының екі санаты қарастырылған. Біріккен Ұлттар Ұйымы 69 бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жүзеге асырды, оның ішінде 56 операциялар 1988 жылдан кейін жүргізілді. ХХІ ғасырдың қарсаңында БҰҰ бітімгершілік мәселелерін жан-жақты талдап оның реформалауды бастады. Реформаның мақсаты - бітімгершілік және қауіпсіздік операцияларын басқару мен қолдаудың тиімділігін арттыру. Автор француз бітімгершілік күштерінің мысалдарын келтіреді.

Түйінді сөздер: бітімгершілік, бітімгершілер, БҰҰ, қауіпсіздік

Sh.N. Tashbolatova¹, T.N. Chumachenko²

¹the 1st year master's student of International Relations of the Sorbonne-Kazakhstan Institute

²c.polit.s., senior lecturer of the International Relations chair of KazNPU after Abay

PEACEKEEPING ACTIVITIES AS A CONCEPT: HISTORY OF OUTCOME, KINDS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT

Summary

The article deals with the notion of peacekeeping and the history of its emergence. The author analyzes the reasons for the appearance of this term in the process of the UN activities. The article is devoted to the conditions under which peacemaking arose not only as a concept, but also as an activity. The article examines the issue of the criteria for the use of UN peacekeeping forces and the concept of "peacekeepers", as well as consider two categories of UN operations for keeping peace and security. UN undertook 69 peacekeeping operations, 56 of which were carried out after 1988. On the threshold of the 21st century, the UN conducted a comprehensive analysis of the problems of peacekeeping and began to reform it. The goal of the reform was to strengthen the capacity for effective field operations management and support. The author gives examples of the French peacekeeping forces.

Keywords: peacekeeping, peacekeeper, UN, security

Ғ.А. Меңілбаев¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Сорбона-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасы, тарих ғылымының кандидаты, Алматы қ., Қазақстан

ЕЖЕЛГІ ОРДАЛАР МЕН ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Аңдатпа

Мақалада қазақ мемлекеттілігінің атауына байланысты тың мәліметтер келтірілген. Орда атауының шығу тарихына ғылыми талдау жасалған. Қазақ мемлекеттілігінің бастапқы атауын Орда деген ұғыммен байланыстыруға алғаш рет талпыныс жасалған. Оған ғылыми, жан- жақты түсініктемелер берілген. Қазақ халқының тарихы терең сырды қойнына бүгіп жатырған кең байтақ жері секілді. Бұл халықтың көне тарихы мен бүгінгі тарихы күні бүгінге дейін толық жазылып бітті деп айта алмаймыз. Жыл сайын халқымыздың тарихына байланысты тың деректер, жазбаша және заттай деректер табылып, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық ғылым салаларына қатысты деректермен толыға түсуде. Сол себепті, халқымыздың көне тарихы мен бүгінгі тарихын жазбас бұрын осы тарихи жәдігерлерді басшылыққа алғанымыз дұрыс. Қазақ халқының тарихы әлем халықтарының тарихының бір тармағы, онымен тығыз байланысты.

Түйін сөздер: орда, мемлекет, мәліметтер, тарих, археология, нумизматика, этнография, жазбаша деректер, ауызша деректер

Қазақ халқының тарихы терең сырды қойнына бүгіп жатырған кең байтақ жері секілді. Бұл халықтың көне тарихы мен бүгінгі тарихы күні бүгінге дейін толық жазылып бітті деп айта алмаймыз. Жыл сайын халқымыздың тарихына байланысты тың деректер, жазбаша және заттай деректер табылып, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық ғылым салаларына қатысты деректермен толыға түсуде. Сол себепті, халқымыздың көне тарихы мен бүгінгі тарихын жазбас бұрын осы тарихи жәдігерлерді басшылыққа алғанымыз дұрыс. Қазақ халқының тарихы әлем халықтарының тарихының бір тармағы, онымен тығыз байланысты. Оны өзіміз күнделікті әлемдегі болып жатырған оқиғалардың қазақ халқының өмірінде де белгілі бір деңгейде орын алатынын айтсақ та жеткілікті. Сол себепті, халқымыздың тарихын жеке-дара бөліп алып жазуға болмайды. Қазақ халқының тарихын жазған кезде көрші мемлекеттермен арадағы саяси, экономикалық, мәдени, этникалық, тілдік т.б. қарым-қатынастарын басшылыққа алып жазған дұрыс деп ойлаймын. Бұл салада тарих ғылымына тіл, әдебиет, география, музыка, өнер т.б. тығыз байланыста болуы қажет. Осы жерде, енді тікелей өзіміз сөз еткелі отырған ежелгі ордалар мен қазақ мемлекеті арасындағы тарихи сабақтастыққа тоқталар болсақ нені байқаймыз? Бірінші, қазақ мемлекетігі - өзінің көне бастауын ежелгі ордалардан алатындығын тарихтан белгілі. Яғни, біздің халқымыздың тарихына тікелей қатысты сөз деуге болады. X-XI ғғ. ғұмыр кешкен шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Райхан Бируни (973-1048 жж.) «Ежелгі көшпелі ордалар» деген еңбегін жазып кеткен. Осы жерде Әбу Райхан Бирунидің өмір сүрген кезеңі мен еңбегінің жазылған уақытына көз жүгіртер болсақ, өзіміз сөз еткелі отырған ежелгі ордалардың шығу тарихының ежелден бар екендігін және олардың ертеректе өмір сүргендігін байқаймыз [1,182]. Былайша айтқанда, қазақ даласында белгілі уақыт аралығында пайда болып, уақыт өте келе әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты жойылып кеткен «Ордалар» тарихын көргендей боламыз. Олар кімдердің ордалары еді? «Ежелгі көшпелі ордалар» деген атауының өзі-ақ айтып тұрғандай, «Орда» сөзі тек қана көшпелі тіршілік кешетін, мал шаруашылығымен айналысатын халыққа тән атау болып тұр. Яғни, бұл атаудың шығу тарихынан біздің халқымыздың да көне тарихын іздеуге болады. Оған бірден-бір себеп, көшпелі ордалардың мекен еткен жерлерінде күні бүгінге дейін ұмытылмай сақталып келе жатырған жер-су атауларында «Орда», «Ордабасы», «Үлкен орда қонған», «Кіші орда қонған» т.б. мағынадағы тарихи топонимикалық атаулар күні бүгінге дейін өзінің мағынасын жойған жоқ. Оның сыры неде? «Орда» сөзінің шығу тарихы немен байланысты? Оның қазақ халқының рулары, тайпалары, мемлекеттік құрлымымен байланыстылығы қандай? Мысалы, ежелгі замандағы ғұндар ордасы мен Алаш ордасы арасындағы уақыт аралығында неліктен мән-мағынасы жойылмаған? Сонымен бірге, осы күні де «Орда», «Ордабасы», «Ақ орда», «Алтын орда» т.б. мағынадағы елді-мекен, орталық, сауда орындары т.б. атауларда кездесетіндігін атап кетуге болады... Б.з.д. 203-202 жж. ғұн тайпалық одағының басына Мөде (Маодунь) хан болып келді. Мөде хан: Саян, Алтай, Жоғары Енисей, Хакасия т.б. жерлерді мекендеген ру-тайпаларды, халықтарды өзіне қаратып, оларды қатаң тәртіпке бағындырып, әскери күшті мемлекет (орда) құрды деуге болады. Мөде өзінің «орда»-ның шекарасын нығайтты. Б.з.д. 200 жылы Мөде

(Маодунь) хан Қытай мемлекетінің Хан патшалығын өзіне тәуелді қылып, олар 40 жыл бойы ғұн ордасына алым-салық төлеп тұрды [2,58]. Осы жерде, қытай патшаларының өздерінің шекараларында тыныштық сақтап тұру үшін ғұн ханзадаларына өздерінің қыздарын тұрмысқа бергендіктерін, жібек маталар, әшекей бұйымдар, күріш, шарап т.б. жіберіп тұрғандықтарын тарих беттері айғақтап отыр... Узнав о событиях в «орде» (так называли гуны военный лагерь и княжескую ставку), правитель-дунху решил, что смута ославила гунов, и потребовал от Моде (Маодунь) уступить пограничную территорию. Многие старейшины, опасаясь войны советовали Маодуню отдать землю. Крайне разгневанный, Маодунь ответил «Земля - основа государства, разве можно отдавать ее!!!». Всем, советовавшим уступить землю, он отрубил головы. Затем Маодунь сел на коня, приказал рубить головы каждому, кто опоздает явиться, двинул на восток и внезапно напал на дунху... Он разгромил дунху на голову, убил их правителя, взял людей из народа и захватил домашний скот. Так описал Сыма-Цянь начало гунских завоеваний [3,17]... Қазақтар әдетте «орда» деп аталатын үш бөлікке бөлінеді. Жалпы рулық аты «үйсін» деп аталатын «үлкен орда» - «ұлы жүз» (ұлы жүздік) шығыстық даланың оңтүстік бөлігін жайласа, басты рулары арғын, найман болып келетін «орта орда» - «орта жүз» (орта жүздік) шығыстық даланың солтүстігін, ал басты рулары алшын, жаппас болып келетін «кіші орда»-«кіші жүз» (кіші жүздік) даланың батысын жайлайды [4,129-130]. Бұл ордалар тайпаларға, тайпалар руларға бөлінеді. Көшілес отырған үлкен бөліктердегі рулар жиналып біртұтас елді (орданы) құрайды. Міне, осыдан көріп отырғанымыздай, халқымыздың ежелгі тарихында «орда» сөзі бізге біршама жақындау және қазақ халқының мемлекет тарихының өткені мен бүгінгісін салыстыра қарастыруда алатын орны ерекше деуге болады. Яғни, біздің ұлт болып, халық болып қалыптасуымызда «орда» сөзі үлкен рөл атқарған. «Орда» - үлкен тарихи мәні бар, бір жүйеге бағындырылған, ұйымдасқан, тәртіпке негізделген, үлкен әскери күш деп айтуға болады. Жалпы, өте орнықты формада қалыптасқан, келешегі зор мемлекет түрі деп сипаттама беруге болады. Мұнда, ең бастысы, ерекше бір рудың немесе тайпаның, болмаса көсемнің ерекшеленіп шығуы және соның төңірегінде орташа деңгейдегі, болмаса әлсіз деңгейдегі ру-бірлестіктерінің шоғырлануы байқалады. Ең бастысы, олардың барлығы ортақ мүдде, ортақ идея, тәртіп, күш, билік т.б. бағынған. Б.з. V-VIII ғғ. аралығында тарихта мәлім түрік текті тайпалық үлкен бірлестіктер: қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлук, түргеш, отыз оғыз. Осы алтауы ғана. Осы алтауы - Түрік төрінің алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік-ынтымақта болса, қағанат айбарлы, қаһарлы. Алтауы араз болса, қағанат әлсіз. Түрік қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін олардың өзді-өзінің қағанаты болған. «Алты тақ иегерлері» деп Білге қаған сондықтан да ерекше атап отыр. Осы алты хандықтың ордасы не деп аталған? Таңқаларлығы соншалық, «кіші ордалар»-ды М.Қашқари «алачу» (alāchi) деп жазыпты. XI ғасырға дейін халық санасында қалыптасып, XI ғасырдың басында жазылып хатқа түскен атау. «Аласу» - «кіші орда». Бұл тарихи дерек... Алты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған. Түріктер қағанат орталығын «орда» деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» (алаш) деп атаған. Олай болса байырғы түріктердің осы алты тайпасы кейін «Алты алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүтін оғыз, қыпшақ, қарлук, басмыл, он-оқ түргештердің кейінгі ұрпағы - қазақ халқының ұранына айналған. «Алты алачу» көк түріктердің ұраны болуы да мүмкін. Ол заманда «Алты алачу» - деп ұран салып ту көтергенде, бүкіл түрік бір тудың астына жиналған да болар. Олай болса алты есірдің (тақ) Алты алашы көк түріктің аналогы болмақ. Біздің бұл ойымыз әлі де тереңірек зерттей түсуді, зерделей түсуді қажет етеді... В польском «Horda» - «полчище». Не «толпа кочевников», а скорее «большое войско». Многочисленное войско. Сигизмунд Герберштейн - «цесарский» посоль, побывавший в Москве в XVI веке и основавший интереснейшие «записки» свидетельствует, что на татарском языке «орда» означало «множество» либо «собрание». Академик Фоменко указывает при этом на латинское слова «ordo», означающее «порядок», на немецкое «ordnung» «порядок». В современном турецком языке слова «ordu» имеет значение, опять такие соответствующее словам «порядок», «образец». Одним словом, все значения слова «Орда» вертятся вокруг терминов «войско», «порядок» «законоустановление» [5,166]. Осыдан көріп отырғанымыздай, орда сөзінің маңағынасы көптеген халықтарда бір ғана мағынаны білдіреді. Ол әскери күш, тәртіп, құқыққа (заңға) бағыну. Бұдан шығатын қорытынды, көшпелі халықтың өз уақытында үстемдігінің басым болғандығы, оның әлемдегі көптеген ірілі-ұсақты халықтарды, ұлттарды т.б. өзіне бағындырғандығы, өзінің қатаң тәртібіне мойынұсындырғандығын көреміз... X ғасырдағы географ Ал-Масудидың француз тіліне аударылған еңбегінде «...оғыздар үш ордаға бөліндіміс деген сөзді мысалға келтірген». Осы жерде, оғыздардың астанасы болған Жанкент қаласының құлаған орны Қызылорда облысында орналасқандығы көп нәрседен хабар беріп тұрғандай күй кешесіз. Яғни, оғыздардың ордасы Қызылорда облысында жатыр деп нақты айта аламыз... Шыршық жазығына келіп орналасқан халықтарды «сырманактар» деп атады.

Бұл «сырманактар» кейін нығая келе жалайыр «ордасы»-ның негізін қалайды [6,191]. Сол секілді, тарихта өзімізге белгілі «Алтын орда», «Ақ орда», «Көк орда» т.б. жөнінде де не айтуға болады? Бұл атауларға байланысты көптеген еңбектер жарық көріп, зерттеулер мен мақалалардың жарық көргені белгілі. Солардың ішінде В.А. Егоров «Алтын орда (Жошы ұлысының оң қанаты) әрқашанда Ақ орда деп аталған» деп жазды [7,35]. Ал, Муин-ад-дин Натанзий пікірінше: Орда Ежен мен оның ұрпақтарының иелігінде «Көк орда» атауына ие болған жерлер, ал «Ақ орда» деп Бату хан ұрпақтарының иелігіндегі жерлер, яғни «Алтын орда» аталған [8,46-47]. Алтын орданың ыдырауы және Ақ орданың әлсіреуі барысында Қазақстан территориясында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай ордасы болды. Ноғай ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында күшейе күшейе бастады, бұл процесс XIV ғасырда Әмір Едіге тұсында өзінің жалғасын тауып, оның баласы Нұрадин (1426-1440 жж.) тұсында аяқталды. Ноғай ордасындағы үстем тайпа маңғыттар болды. «Ноғай», «Ноғайлықтар», «Ноғай ордасы» деген атаулар алғаш рет әдебиетте тек XVI ғасырдың басында ғана пайда болды [9,188-189]. Алтын орданың қираған бөлшектерінен құрылған басқа да көшпелі ордалар мен бірлестіктер тәрізді Ноғай ордасы да этникалық құрылым емес, көбіне саяси құрылым болды. Ноғай ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқының және ордасының қалыптасуының этникалық процесіне тікелей қатысты. Ноғай ордасы мен қазақтардың жақындығы, жақын туысқандығы туралы Ш.Ш. Уәлиханов айтқан болатын. Ол алғашқы қазақ ханы Жәнібек тұсындағы достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтар туралы «екі туысқан ордалар» деп сипаттама берген. Ал енді «қазақ ордасы» деген сөзді 1595 жылы орыс мемлекетінің патшасы Феодор Ивановтың қазақтарды Москва мемлекетінің қол астына алу туралы Тәуекел ханға берген грамотасынан көруге болады (6 құжат) ... Құдайдың алғысымен ұлы мемлекет патшасы және ұлы мәртебелі Феодор Ивановичтен қазақ ордасының патшасы Тәуекелге біздің патшалық жарлығымыз... Сізді және сізге қарасты қазақ ордасы мен қалмақ ордасын патшаның қол астына алуға ризалық бердік [10,57]. Осы жерден көріп отырғанымыздай, Тәуекел ханның қол астында қазақ және қалмақ жұрты (халқы) оның құрған ордасының төңірегінде шоғырланғандығын байқаймыз. «Орда» сөзі патшалық Ресейдің құжаттарында жиі-жиі ұшырасады, солардың ішінде «орда» сөзін қазаққа қимай басқа мағынада айтқан сөйлемдер де кездеседі (24 құжат) ...1722 жылы қазақтарды Ресей мемлекетінің қол астына қарту жөнінде І Петр патшаның сөздеріндегі орда сөзіне назар аударып көрелік... Персия жорығынан қайтып оралғаннан кейін... Ұлы Петр ерте заманнан бері айтылып келе жатқан қырғыз-қайсақтардың ұшы-қиыры жоқ «кен ордасын» (қазақ жері мағынасында, яғни қазақ ордасы деп айтуға болады - М.Ф.) Ресей қол астына алу империялық Ресей отанына пайдалы болатыны жөнінде ниет білдірді ... Өйткені, Ұлы Петр 1722 жылы Персия жорығында жүрген кезде және Астраханда болған уақытында «орда» туралы көп адамдардан қызығарлық лақап естіді. Ол қырғыз-қайсақ деген атпен жүрген қазақ ордасы еді. Бұл «орда бүкіл азиялық елдердің кілті мен қақпасы». Міне, сол себепті ол орданы Ресейдің протекциясына (қол астына) алу қажет, сөйтіп, орда арқылы бүкіл Азия елдеріне жол қатынасын ашып, олардан Ресей еліне пайдалы және қолайлы болғандардың бәрін ала білуіміз қажет. Біздердің осы құжаттардан көріп отырғанымыздай, қазақ халқына «хандықтан» гөрі «орда» сөзі біртабан жақын, оның ғасырлар бойы «орда» атауымен келгенді гін көзі ашық, көкірегі ояу зерттеушілердің барлығы да байқаған. Мысалы, Кіші орданың ханы деп жүрген Әбілхайырды қырғыз-қайсақ ордасының ханы деген сөйлемді ең алғаш рет Левшиннің еңбегінен кездестіреміз, сондай мағынадағы сөзді ғалым Телжан Шонанұлының еңбегінде «...Қайсақ ордасының бастығы» [11,50]. Мұхамеджан Тынышбайұлы «... Әбілхайыр қырғыз-қайсақ ордасының ханы» деп аталады. Орта орданың сұлтаны Абылайдың 1740 жылы Ресей мемлекетіне берген антының мазмұнында да «орда» сөзі кездеседі... Я, киргиз-кайсацкого народа нижеподписавшейся солтан обещаюсь и клянусь всемогущим богом, что хочу и должен со всем моим родом и со всей ордою всепресветлейшей самодержавнейшей государыни и императрице и самодержаце всероссийской и пр.верным, добрым и послушным подданным быть [12,37]... 1733 жылы Үлкен орданың сұлтандары мен билері Ресей мемлекетінің қол астына алуды сұрап әйел патша (императрица) Аннаға жазған хаты: ...От дальней стороны близким сердцем киргиз-кайсайкой большой орды князья, беки Вам, великой государыне императрице и белой царице, в подданстве пришли, а именно: Кодар би, Тюля би, Сатай батыр, Кангельди батыр, Булек батыр, а также всей орды беги в подданство пришли [13,4-5]. Осыдан көріп тұрғанымыздай, 3 хатта да «хандық» деген сөйлемді кездестірмейміз, оның орнына «орда» деген сөзді жиі кездестірдік. Бұдан шығатын қортынды, қазақ халқына тән мемлекет атауы көп жағдайда «орда» деген ұғымба деп ойлаймыз. Қазақ халқының тарихында «орда» ұғымының тарихи құжаттарда мағынасын жоғалтпай кездесуі, Ресей мемлекетінің патшасы Алексей І-дің 11 наурыз 1801 жылғы жарлығы бойынша Бөкей хан өзіне қарасты 5 мың жанұямен (кіші жүздің ру-тайпаларынан құралған), оның ішінде басым көпшілігі 12 ата байұлы тармағынан қарасты ру-тайпалармен Орал өзенінің ішкі аймағына қоныстанды. 1812 жылы мамыр айында өзіне

карасты ру-тайпалар көсемдері, халқының сайлауымен Ішкі Орда ханы болды. Ал, 1812 жылы 7 шілде күні арнайы дәстүр бойынша, ата-бабалар салты негізінде хан болып бекітілді. Бөкей хан құрған Ішкі Орданы, біз көпшілік жағдайда Бөкей ордасы деп атап жүрміз [14,88]. Осы жерде біз мына бір жағдайға көңіл аударғанымыз дұрыс секілді. «Орда» атауының қауіптілігін, тарихи құдыретін, маңызын патша өкіметі де жақсы түсінген секілді. Сол себепті, «орда» сөзінің орнына өзге атауды қолдану, яғни қазақ халқының көне тарихын бұрмалау немесе қасақана жоққа шығару секілді іс-шаралардың қолға алына бастағанындығын байқаймыз. Осы секілді құбылыс бүгінгі таңда да қазақ халқының көне тарихына байланысты мәселелер қозғалғанда қылаң беріп қалады... Казачья орда. Термин «орда», применявшийся в старых русских источниках в объединений казахских племен, ныне не употребляется, вместе него принят казахский термин «жүз» [15,471]. Бұл қазақ халқының тарихындағы Ежелгі ордалар мен Қазақ мемлекеті арасындағы тарихи сабақтастық болып табылады. Ал «жүз» деген сөздің өзі қайдан шыққан, қандай мағына береді? - деген сұрақ жөнінде зерттеушілерде тағы да ортақ пікір жоқ. Дегенмен де, «жүз» сөзінің анықтамасының өзі оның мағынасын түсінуге жол асып, бағыт сілтеп тұр емес пе? Жүз-тайпалар одағы, не ру-тайпалар бірлестігі болса, олар біріккен тұтастықты көрсетпей ме? Қазақ халқының бір бөлігі белгілі бір территориядағы тайпалар одағын құраған болса, онда «жүз» сөзі - «бөлік», «бұтақ», «бөлшек» деген мағынаны да көрсетеді. Біздің болжамымызша, «жүздер» тегінде ХҮІ ғасырдың соңына ХҮІІІ ғасыр басына қарай біртіндеп қалыптасқан мүлдем жаңа этно-саяси, шаруашылық-әкімшілік құрылымы дегеніміз біртабан шындыққа жақын болар. Өйткені, уақыт өте келе «ұлыс», «орда» атаулары сынға шыдамай күйреп кетті. Өйткені олар төменгі рулар мүдделерін ескермеген жоғарыдан күшпен құрылған саяси-мемлекеттік құрылымдар еді. Олардың құрамына әрі моңғол, әрі түрік тайпалары әкімшілік жолмен бірікті. Мұнда этникалық мүдде бірінші орынға қойылған жоқ. Сондықтан өзбек ұлысында өзбек халқын, Моғолстанда моғол халқын қалыптастыруға күш салынды. Ал «жүздер» мәселесіне келсек жағдай басқаша. Мұнда жергілікті рулар мен тайпалардың ең алдымен этникалық, онан соң территориялық, көшпелі шаруашылықтық мүдделері алғашқы орынға қойылып, жергілікті жерлердегі қазақ билері осыны ескере отырып, өздерінің шаруашылық-әкімшілік мүдделеріне сәйкес келетін жаңа «жүздер» деп аталатын құрылымдар жасап алуға қол жеткізді. Алайда қазақ хандары мұнда да биліктен кете қойған жоқ. ... Ақ орда тұсында әлі «қазақ» этнонимінің өзі тарих сахнасына шыға қоймаған еді. Сондықтан да мемлекет әлі моңғолдық дәстүрмен Қазақ хандығы емес, Ақ орда деп аталды. Бірақ, Ақ Орда болашақ қазақ мемлекетінің құрайтын басты тайпалар «Алты сан Алаш» деген атаумен ұйыса бастады. Сол себепті, қазақ жүздерінің пайда болуының тамырларын «ұлыстар», «ордалар» және «Алаш мыңы» түсініктерінен емес, қазақ этнонимінің шығуынан және Қазақ хандығының құрылу тарихынан іздестіруге тиіспіз деп ойлаймыз. Егер осыны мойындасақ, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағындағы тайпалардың неліктен «Ұлы жүз» атанғанын да түсінуге қол жеткіземіз. Біздің ойымызша мұның мәнісі былай: Қазақтың алғашқы хандары Жәнібек пен Керейден кейін «Ұлы жүз» ру-тайпалары атанған дулат, жалайыр, шапырашты, ошақты және т.б. арасына көшіп келгені даусыз нәрсе. Осында Шу мен Талас арасында бұрынғы «Алты Алашқа» енген рулар мен тайпалардың біразын ерте келген олар алғаш «өзбек-қазақ», кейінірек «қазақ» атанды... Қорыта келгенде айтарамыз, қазақ қоғамында біршама ұзақ мерзімге орын алған жүздік құрылым біздің этникалық тарихымызға тән өзіндік ерекшелік болып табылады. Саяси-әкімшілік жағынан қазақтарды жіктей тұрса да, бұл жүйе қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуына, үлкен аймақты сақтап қалуға өзіндік жағымды үлесін қосты, бұл бөліктер бытыраңқы көшпелі тайпаларды өзара жақындасуға, бірігуге, туыстасуға баулыды. Сондықтан да жүздік құрылым тұсындағы қазақ тарихына түсіністікпен қарағанымыз жөн. Бұған шығатын қортынды, яғни «Орда» сөзінің қазақтың ру-тайпалар бастарын біріктіруші, бір жерге топтасты - рушы, әскери күш, қатаң тәртіпке бағынушы, оны мойындаушылардың мемлекет бірлестігі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. «Орда» сөзінің құдіретін ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, халқымыздың бас бостандығы, тәуелсіздігі, дербес мемлекет болып өз алдына өмір сүруін армандаған, сол жолда үлкен жұмыс істеп, күрес жүргізген қазақтың зиялы қауым өкілдері - А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, С.Қожанов, С.Лапин, Т.Рысқұлов т.б. болды. 1924 жылы 17 желтоқсан күнгі «Ақжол» газетінің бетінде Сұлтанбек Қожанов «...Қазақ халқының астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек» деп жазды. 1925 жылы 15 сәуірде Ақмешіт қаласында Бүкіл Қазақ еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР-і Кеңесінің Ү-съезі салтанатпен ашылды. Осы съезде «...бұдан былайғы жерде «киргиз» деген атау «қазақ» деп аталсын деген қаулы қабылданды. Сонымен бірге «...Киргиз республикасы деген атаудың орнына Қазақ республикасы деп атау, оның астанасы Ақмешіт (Перовскі) қаласын Қызыл орда деп атауға қаулы қабылдады... [16,47] 1991 жылы 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан

Республикасының Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланды. Республика өз аумағында өкімет билігін толық иемденуге, әрі ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуге құзырлы болды. Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының елтанбасы туралы», және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» Заңға қол қойды. 1994 жылғы 6 шілде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі астананы Ақмола қаласына ауыстыру туралы қаулы шығарды. 1997 жылы 10 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді. 1998 жылы 6 мамыр « Ақмола қаласын Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы шықты. 2004 жылы 24 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясы-«Ақ Орда» салтанатты түрде ресми ашылды [17,407].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ә.Қоңыратбаев. *Көне мәдениет жазбалары.* - Алматы. *Қазақ университеті*, 1991 ж. 182 б.
- 2 С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов. *Казахстан. Летопись трех тысячелетий.* - Алматы. *Рауан*, 1992. С.,58.
- 3 Василий Радлов(Фридрих Вильгельм).- Алматы. *Ана тілі*, 1993. 17 б.,
- 4 Алексей Бушков. *Россия которой не было (загадки, версии, гипотезы).* - М., 1997. С.,129-130.
- 5 С.Волин. *Материалы по истории туркмен и туркмений.* - М., - Л., 1939. Т.1. С.,166.
- 6 Қойшығара Салгарин. *Қазақтың қилы тарихы.* - Алматы, 1992. 191 б.,
- 7 Егоров В.Л. *Государственное и административное устройство Золотой орды./ Вопросы истории.* - 1972. №2. С.,35.
- 8 Федоров-Давыдов Г.А. « *Аноним Искандера* » и термины « *Ак орды* », « *Кок орды* ». -М., 1960. С.,46-47
- 9 *Қазақ ССР тарихы. 2-том.* - *Алма-Ата* 1983. 188-189 бб.
- 10 Бекмаханова Н.Е. *Қазақ ССР тарихы. 8-9 класс.* - *Алма-Ата* 1991. 57 б.
- 11 Телжан Шонанұлы. *Қазақ жері мәселесінің тарихы. Қызылорда* 1926.С.,50.
- 12 *Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ веках.* - *Алма-Ата* 1961.С.,37.
- 13 Мұхамеджан Тынышбайұлы. *Ақтабан шұбырынды. Ана тілі* 1990.№7. 4-5 бб.
- 14 *Культура и история Центральной Азии и Казахстана./ проблемы и перспективы исследования.* - Алматы 1996. С., 88.
- 15 А.И.Левшин. *Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей.* Алматы 1996. -С.,471.
- 16 Меңілбаев Ғ.А. *Қазақ халқының тарихында « Орда » және « Жылан » ұғымдарының алатын орны.* - Алматы 2001. С.,47
- 17 Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов, Д.А.Махат. *Қазіргі Қазақстан тарихы.* - Алматы 2010. 407 б.,

Г.А. Менилбаев¹

¹*к.и.н., доцент Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ МЕЖДУ ДРЕВНЕЙ ОРДОЙ И КАЗАХСКИМ ГОСУДАРСТВОМ

Резюме

Статья представляет собой обзор информации, связанной с именем Казахской государственности. Рассматриваются научные анализы об истории происхождения названия Орда. Впервые были попытки сопоставить понятие Орда, названием Казахской государственности. Даны научные, исчерпывающие объяснения. История казахского народа похожа на великие секреты глубокой скорби. Мы не можем сказать, что эта древняя история и история людей были завершены. Каждый год мы находим новые факты, письменные и естественные факты, связанные с историей наших людей, и наполнены данными об археологических, этнографических и нумизматических науках. Поэтому мы должны руководствоваться этими историческими событиями, прежде чем записывать историю и древнюю историю нашего народа. История казахского народа является частью истории народов мира и тесно связана с ней.

Ключевые слова: орда, государство, источники, история, археология, нумизматика, этнография, письменные данные, устные данные

G.A. Menilbayev¹

¹ c.h.s., assistant professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

HISTORICAL CONTINUITY BETWEEN ANCIENT ORDO AND KAZAKH STATE

Summary

The article is an overview of information related to the name of the Kazakh statehood. The scientific analysis of the origin of the name of the Horde is considered. For the first time there were attempts to compare the concept of the Horde, the name of the Kazakh statehood. Scientific, exhaustive explanations are given. The history of the Kazakh people is similar to the great secrets of deep sorrow. We can not say that this ancient history and the history of people were completed. Every year we find new facts, written and natural facts related to the history of our people, and are filled with data on archaeological, ethnographic and numismatic sciences. Therefore, we must follow these historical events before recording the history and ancient history of our people. The history of the Kazakh people is a part of the history of the peoples of the world and is closely connected with it.

Keywords: horde, state, sources, history, archeology, numismatics, ethnography, written data, oral data

УДК 327 (4/9)
МРНТИ 11.25.40

А.Н. Ахметова¹, Л.Х. Матакбаева²

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ аясындағы Сорбонна-Қазақстан Институты, халықаралық қатынастар кафедрасы, 6М020200-«Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты, Araika_Akhmetova@mail.ru

² Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің саяси ғылымдар докторы, халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры, Lmatakbaeva@mail.ru

АРКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРКТИКАЛЫҚ ЕМЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АЙМАҚТАҒЫ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ХХІ ғасырдағы Арктиканың жаңа рөлі мен оған қатысты мемлекеттердің ұстанатын саясаттары сарапталынады. Жаһандық климаттың жылынуы дәуірінде Арктиканың энергоресурстар мен транзиттік потенциалы әлем елдерінің назарын өзіне аудартып отыр. Бүгінгі таңда әлемдік державалар Арктикада белгілі бір қызмет жүргізіп, оны игеріп, аймаққа қатысты қандай да бір қызығушылық танытып отыр. Аймаққа қатысы бар елдерді тікелей шекарасы бойынша арктикалық және арктикалық емес мемлекеттер деп екі топқа жіктейді. Бұл аталмыш арктикалық және арктикалық емес субъектілерде аймаққа қатысты өзіндік саясат, мүдде, мақсат бар. Аймаққа барынша орнығып, мұндағы өзіндік стратегияларын жүзеге асыру үшін бұл елдер ресми заңды түрде аймаққа деген қатынастары мен құқықтарын бекітуге тырысады.

Түйін сөздер: Арктика, орталық, мүдде, арктикалық елдер, арктикалық емес елдер, құқық

Арктика территориясы деп Жер шарының солтүстік полярлы ауданын атайды. Аталмыш аймақ ресми түрде 5 мемлекеттің жауапкершілігіндегі секторларға бөлінген: РФ, АҚШ, Норвегия, Канада және Дания. Бұл мемлекеттер іргелес елдер ретінде Арктика аймағында ерекше құқыққа ие.

Ресми түрде арктикалық елдер ішінде ең ұзын шекара Ресей Федерациясына тиесілі. Яғни, аймаққа қатысты РФ біршама артықшылықтарға ие. РФ-ның Арктикадағы мүдделері бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл экономикалық мүдде. Аталмыш аймақ көмірсутек пен пайдалы қазбалар өндірісі есебінен ұлттық табыстың 11%-ын қамтамасыз етіп отыр.

РФ-ның ұстанымы бойынша, Арктика – ынтымақтастық пен ашық диалог территориясы болып табылады. Президент В.В.Путин өз баяндамасында [1] климаттың жаһандық жылыну мен мұздықтардың еру үрдісін Солтүстік теңіз жолын тиімді пайдалануға жол ашатынын айтты. Мұз қатпарының еруі мен заманауи техникалық дамуы барысында Арктика жыл бойы өтуге қолайлы транзиттік аймақ болмақ және бұл жайт әлемдік саудаға айтарлықтай әсер ететінін атап көрсетті.

КСРО-ның солтүстік полярлы иеліктері туралы ең алғашқы құжаты КСРО ОАК-нің 1926 жылғы 15

сәуірдегі Президиумымен бекітілген болатын. Аталмыш құжат бойынша КСРО иелігіне Коль жартыаралынан Солтүстік полюс арқылы Беринг бұғазына дейінгі аралық тиесілі болған. 1997 жылы РФ ресми түрде БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы Конвенциясын ратификациялады. Конвенция 12 миль территориялық теңіз және 200 миль экономикалық зонаны бекіткен болатын. Арктикалық иеліктерін заңды түрде рәсімдеу бойынша РФ бірталай жұмыс атқарды.

2008 жылы 18 қаңтар күні сол кездегі РФ-ның Президенті Д.Медведевтің РФ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің кеңесімен қабылдаған шешімі бойынша РАЗ-на келесі аумақтар кіреді: 1989 жылғы 22 сәуірде КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Мемлекеттік комиссия шешімі бойынша, Саха Республикасы (Якутия), Мурманск және Архангельск облыстары, Краснояр өлкесі, Ненец, Ямало-Ненец, Чукотск автономды округтері [2]. Бұл құжаттағы ережелер нақты емес, және халықаралық даулардың шешілуі барысында өзгеруі мүмкін деп көрсетілген.

Энергетикалық аспект халықаралық экономикалық прогресстің қозғаушы күші болып табылады және оның жағдайына әлемнің миллиардтаған халқының өмірі тәуелді. Сондықтан әрбір мемлекет өзінің энергетикалық потенциалын дамытуға тырысады [3].

Арктикаға деген қызығушылық оның пайдалы қазбаларының қомақты көлеміне байланысты болып отыр.

РФ-ның аймақтағы біріншілігі әсерінен, мұндағы мұнай-газ ресурстарының 60%-ға жуығы РФ-ның территориясына тиесілі деп есептелінеді. Ресейлік мамандардың зерттеу мәліметтері бойынша, барланған пайдалы қазбалар құны 1,5-2 трлн доллар, ал жалпы сомасы 30 трлн долларды құрайды деп болжанады. Қазіргі таңда, 200-ге жуық мұнай-газ кен орындары анықталып отыр: Баренцев шельфі, Карск теңізі шельфі манайларындағы кен орындары.

Ресейдің аймақтағы мүддесі тікелей ұлттық қауіпсіздікке де негізделеді. Мемлекеттік шекараның шамамен, 20 мың шақырым ұзындығы Солтүстік мұзды мұхит арқылы өтеді. Кольск жартыаралында Ресей қарсыласын ұстап тұрушы стратегиялық Солтүстік флоты орналасқан. Арктикалық стратегиялық әскери базаларда суасты флотпен қатар баллистикалық ракеталарды ұстап тұратын және превентивті соққы беретін теңізде орналасқан РҚК жүйелерін орналастыру мүмкіндіктері бар.

РФ Үкіметі маңындағы Қиыр Солтүстік пен Арктика мәселелері бойынша Кеңесінің шешімі бойынша РФ-ның Арктикалық зонасының тұрақты даму Концепциясы (2006 ж.) қабылданған. Ол стратегиялық мақсат, ұзақмерзімді бағдар, РФ-ның Арктикадағы мемлекеттік саясатының қағидалары мен жүзеге асыру механизмдерін анықтайды.

РФ-ның аймақты игеру үрдісіне аса белсенділікпен қарайды. Оған дәлел, елдің халықаралық конференциялар мен форумдарға атсалысуы. 2017 жылы 29-30 наурыз күндері аралығында Архангельске «Арктика – диалог территориясы» атты халықаралық арктикалық форум болып өтті. Аталмыш форумға Арктикаға іргелес елдер, өзге мүдделі елдер мен халықаралық ұйымдар өкілдері қатысты. Форумда талқыланған негізгі күн тәртібі – Арктикадағы ынтымақтастықты жетілдірудегі тұрғылардың консолидациясы мен бұл территориядағы тұрғын халықтың тұрмыс-тіршілігін дамыту. РФ тарапынан негізгі саяси лидерлер, Президент В.В.Путин мен Сыртқы істер министрі С.В.Лавров қатысты. Аталмыш тұлғалардың қатысуы арктикалық мәселенің РФ үшін аса маңызды екендігін дәлелдейді [4].

Арктикамен ұзындығы бойынша іргелес елдер қатарында Ресейден кейінгі екінші орынды Канада алады. Канадалық солтүстікке құрлықтың 40%-ы кіреді. Канада – ең бірінші болып өзінің арктикалық құқығын жариялаған мемлекет. 1909 жылы Британ империясының доминионы бола тұра, Канада Гренландияның батыс бөлігінен Канада мен Солтүстік полюс аралығындағы барлық су кеңістігі мен аралдарды өз иелігі деп жариялаған болатын.

1925 ж. солтүстік-батыс территориялары туралы заң бойынша арктикалық канада кеңістігінде шетелдік елдер рұқсатсыз қандай да бір іспен айналысуға тыйым салынды. Климаттың жылынуы әсерінен пайда болған жаңа мүмкіншіліктерді ескере отырып, Канада үкіметі 2006 ж. арктикалық құқықтарын қайта бекітті. Канадаға солтүстік-батыс, Нунавут және Юкон территориялары, сонымен қатар, Солтүстік полюске дейінгі аралдар мен су кеңістіктері тиесілі.

Арктикалық канада алмас, мұнай, газ, мырыш, алтын, уран, және т.б. сирек кезесетін бағалы қазбаларға, солтүстік теңіздер теңіз өнімдеріне бай. Мұздықтардың еруі солтүстік-батыс бұғаздары арқылы қатынас жолдарын ашып, экономикалық өрлеуге жетелеуі мүмкін. Қазіргі таңда канадалық пайдалы қазбалардың үштен бір бөлігі игерілмеген болып табылады. Канада арктикалық шельфіне қатысты заңнамалық жүйе мен қауіпсіздік ережелері толық сақталмағандықтан, қандай да бір белсенді игеру көрінісі жоқ.

Канаданың Арктикаға қатысты негізгі стратегиялық бағыттары 2009 жылы «Канаданың солтүстік стратегиясы: біздің солтүстік, біздің мирас, біздің болашақ» деген атпен жарияланды. Аталмыш құжатта

солтүстіктің Канада үшін маңызды тарихи бөлігі екендігі жазылған. Солтүстік территорияны игерудің 4 аспекті айқындалған:

- 1) Канаданың арктикалық сектордағы егемендігін сақтау;
- 2) әлеуметтік-экономикалық даму;
- 3) қоршаған ортаны қорғау және климат өзгерісіне бейімделу;
- 4) өзін-өзі басқаруды, шаруашылық және саяси белсенділікті арттыру.

Үкімет аталмыш стратегияны жүзеге асыруда экономика мен инфрақұрылымды дамытуға, экологиялық қауіпсіз технологиялар ендіруге, территориялық өзін-өзі басқаруды дамытуға, пайдалы қазбалардан түскен табысты солтүстікті дамытуға жеке секторларға бөлуге қаржыландыруды жоспарлап отыр. Жыл сайын солтүстік территорияларға денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыруға 2,5 млрд доллар дотация бөлу көзделеді. Аймақтағы ең тиімді жоба Маккензи өзені маңайындағы мұнай мен алмас өндірісі болмақ [5].

АҚШ-тың арктикалық жағажайы Аляска арқылы өтеді. АҚШ Геологиялық қызмет бағалауы бойынша, мұнда 27 млрд баррельді құрайтын арктикалық мұнайдың 31%-ы шоғырланған. АҚШ аталмыш аймаққа деген қызығушылығын ұзақ уақыт бойы аса білдірген жоқ. 2007 жылы мемлекеттік хатшы орынбасары Э.Блумның АҚШ-тың арктикалық мүдделері және Арктикалық кеңестің қызметі туралы баяндамасынан кейін жаңа саясаты басталды. Мұндай жедел қадамдар 2007 жылы А. Чилингаровтың қатысуымен өткен ресейлік экспедиция мен Солтүстік полюстегі мұхит нүктесіне РФ-ның туын тігумен тығыз байланысты.

2009 жылы 12 қаңтар күні АҚШ-тың арктикалық саясаты бойынша директивасында келесідей жазылған: «Арктикада АҚШ ұлттық қауіпсіздік саласында фундаменталды мүдделерге ие және оны өзге мемлекеттермен ынтымақтастықта немесе өз бетінше жүргізуге дайын». Дегенмен, АҚШ БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі Конвенциясына қосылмағандығын айта кету қажет. АҚШ-тың арктикалық саясатын бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, әскери-стратегиялық мүдделер, оның ішінде, РҚҚ, күштерді стратегиялық лақтыратын құрлықтық және теңіздік құралдар, әскери-теңіз күштерін ұйымдастыру және әскери теңіз операциялық жүргізу, навигациялар мен ұшу еркіндігі. Екіншіден, жоғарыда көрсетілгендермен тығыз байланысты ішкі қауіпсіздікті сақтау. Бұл категорияға террористік қимылдардың алдын алу немесе өзге де қылмыстық істердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдар. Үшіншіден, саяси-экономикалық мүдделер. Яғни, АҚШ-тың Арктикадағы теңіз біріншілігін орнату [6].

Норвегия аймақтағы мүддесін РФ мен АҚШ-тан бұрын жариялаған болатын. Норвегиялық арктика Свальбарг архипелагы және Норвег теңізіндегі Ян Гайен аралын құрайды. Елдің аймақтық мүддесі экономикалық, өндірістік, балық аулау, жергілікті халықтың қауіпсіздігін құрайды. Норвегиялық арктика да ірі кен орындарына бай (Статфьерд, Гюльфакс, Осеберг, Экофикс). Аталмыш елдің арктикалық саясаты келесі құжаттарда бекітілген:

1) 2005 жылы қабылданған «Баренц-2000» бағдарламасы – аймақтың пайдалы қазбаларын игеруге бағытталған кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары, ақпараттық технология, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, солтүстіктің кіші халықтарын қорғау т.б. іс-шараларды қамтиды.

2) «Қиыр Солтүстіктегі Норвегия үкіметінің Стратегиясы» 2006 жылы желтоқсан айында қабылданды. Арктикалық Осло доктринасында болашақта энергетика мен қоршаған ортаны қорғауға бағдар алаындығы жарияланған. Стратегия-2006 арктикалық саясаттың 7 бағытын анықтады: аймақтағы норвегиялық құқықты бекіту; Қиыр Шығыс туралы ғылыми-зерттеулерді қолдау, Норвегияның полярлы аумақтарында инфрақұрылымды дамыта отырып, жағдай жасау, қоршаған ортаны қорғау; Баренц теңізі акваториясында энергетика саласын дамыту; солтүстіктің тұрғылықты халқы тұрмысы мен өмір салтын сақтап қалуға жағдай жасау; Қиыр солтүстіктегі халықтар арасындағы коммуникацияны дамыту (денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет); РФ-мен ынтымақтастықты дамыту.

3) «Солтүстіктегі саясаттың жаңа компоненттері. Үкіметтің Қиыр Солтүстіктегі стратегиясының келесі қадамы» атты құжат 2009 жылы наурыз айында қабылданды. Аталмыш құжат норвегиялық арктикаға қатысты алдыңғы құжаттардың жалғасы болып табылады.

1900 жылы ол Кавказға сапар шекті. 1902 жылы жаз айында Орта Азияға «жергілікті ғалымдармен байланысты жаңғырту үшін» келіп қайтады. Бұл жолы ол Ашхабад, Самарқанд, Ташкент, Қоканд, Маргелан, Әндіжан, Ош және Ходжент қалаларында болып, Орта азия мен Қазақстан тарихының ортағасырлық дәуіріне жататын талай талас мәселелер туралы құжаттар жинады.

1903 жылы В.В. Бартольд Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттеудің орыстық комитетінің екі хатшысының біреуі болып тағайындалады. Осы комитеттің тапсырмасымен 1904 жылы Самарқанд қаласына ғылыми жолсапарға жіберіледі. Онда ол Афрасиаб қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбек болды. Бұл уақытта ол Орта Азия туралы жазба деректердің барлығын тамаша меңгерген еді. Ол өзінің денсаулығының нашарлығына қарамастан Түркістан археологиясымен айналысты. Ол археологияның тарих ғылымы үшін аса маңызды екенін жақсы білді және оны дамытуды белсенді түрде үгіттеді. Тарихты терең түсіну үшін археология мен этнографияны қосып, барлығын байланыстыра қарау керек екендігін айтты. Замандастарының айтуына қарағанда, ол археология ғылымын сол кездегі тек орыс археологтары ғана емес, тіпті Батыс Европа археологтарынан да терең түсінді, тамаша білді.

Ал Орта Азиядағы археологиялық қазбалардан ескі қалалар мен елді мекендерде қаншалық дамыған мәдениеттің жатқанын көруге болады дегенді дәлелдеу үшін археологиялық қазба жұмысын Афрасиабтан бастады. Самарқандтың түбінде ғана орналасқан бұл ескі қаланың орнын қазу барысында тамаша бай материалдарға кездесетініне көзі жетті, оны тапты да.

Талантты ғалым, түркі дүниесінің жанашыры В.В. Бартольд Орта Азияның тарихы адамдардың көз алдында өшіп бара жатқанына жаны ашына да, қайғыра да былай деп жазды: (орысша мәтінін беруді жөн көрдік – Н.Т.) «Вообще среди местного общества – русского и туземного, равнодушие к изучению прошлого полное; местная древность пропадает на глазах у всех, чем никто не огорчается; В.Л.Вяткин – исключение, но и на него начинает сказываться неоспоримая истина, что один в поле не воин; под влиянием общего равнодушия и насмешек, встречаемых им везде, даже в собственной семье, и его пруть значительно сократилась: у него много начатых работ, но они едва ли когданибудь будут окончены: теперь в его доме нет даже писчей бумаги».[1]

Самарқанд пен оның төңірегіндегі елді мекендерді зерттеп жүрген В.В. Бартольд жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан көп еңбек сіңірді. Одан кейін «Ислам энциклопедиясын» шығару үшін Бұқара қаласының тарихын зерттеген материалдары бойынша көптеген мақалаларды шығарды. 1903-1904 жылғы Түркістан өңіріндегі істеген жұмыстарының жемісі ретінде көптеген мақалалар жазды. Түркістан өңірінен 16 қолжазбаны тауып, оны зерттеп, кейіннен оны Ресей Ғылым Академиясының Азиялық музейіне өткізген екен. Көптеген коллекцияларын антропологиялық және этнографиялық музейге өткізді. Осындай ауыр жұмыстардан кейін 1905 жылы ол қайтадан Германия, Австрия және Швейцария елдеріне ғылыми жолсапарға барып қайтады.

Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттейтін комитет Орта Азия мен Қазақстанды таза ғылыми тұрғыда зерттеу ісінде ризашылықпен еске алатын көп шаруалар тындырды. Мысалы, 1905 жылы Орта Азиядағы ауыр жер сілкіністерінен кейін осы комитеттің ұсынысы бойынша Самарқанд сияқты қалалардың тарихына байланысты ескерткіштерді аман сақтап қалу үшін, қирағандарын қалыпқа келтіру үшін арнайы комиссия құрылып, ол комиссияның құрамында атақты ғалымдар Н.И.Веселовский, В.А.Жуковский, В.В.Бартольд және басқалар болды. Бұл комиссия Самарқанд қаласының ескерткіштерін суретке түсіріп, өлшеп, оны зерттеумен айналысты. Осы кезде Рух-Абад мавзолейін, Ұлықбек Мырза медресесін және басқа көне ескерткіштер зерттелінді.

1906 жылы В.В.Бартольд университеттің тапсырмасымен Турция мен Египет елдерінде болып, Константинополь мен Каир кітапханаларында сақталған Шығыс қолжазбаларымен танысып, жұмыс істеді. Бұл жолсапардың ғылыми нәтижесі туралы көлемді мақала жазды. Бұл жолы осы екі қаладан басқа Австрияда, Сербияда және Болгарияда болып Шығыс халықтары туралы деректер жинады. 1908-1909 жылдарда ол Финляндияға, Италияға барып, ол жерлердегі кітапханаларда жұмыс істеп қайтты. Қайтар жолда Кавказда болды. 1911 жылы ол Ирландияда, Америкада, Германия мен Францияда, ал 1912 жылы Венада, Тюбингенде, Гамбургте, Любек қаласында болды. Одан орала салып, Орынбор-Башкирия, Сібірден Кяхтаға дейінгі бағытта сапар шегеді.

1912-1913 жылдарда В.В. Бартольд Швеция мен Норвегияға, 1914 жылы қайтадан Швецияға, Германияға, одан кейін Данияға, Англияға, Гибралтарға, Францияға, Италияға, Грецияға, Австрияға, Сербияға, Болгарияға, Румынияға сапар шегеді. Бұл сапарларында да ғалым тек Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дүние кезіндегі және орта ғасырлар тұсындағы тарихын зерттеумен, ол елдердің кітапханаларында жинақталған қолжазбаларды және басқа да тарихи деректерді жинаумен айналысты. Мысалы ғалымның өзі Англияға барған мақсатын былай деп түсіндіреді: «Менің жұмыстарымның негізгі мақсаты – Британ музейіндегі Темір және Темір ұрпақтары туралы әлі пайдаланбаған жазба деректерді зерттеп, оны ғылыми айналымға түсіру еді».[2]

В.В. Бартольдтың ұсынысы бойынша 1914 жылы этнограф және лингвист ғалымдар үшін Памир өлкесінің тарихын зерттейтін экспедицияның құрамында Р.Готье, В.Ханыков, И.Н.Зарубин сынды шығыстың білгір зерттеушілері болды.

1916 жылы Ресей Ғылым Академиясы В.В. Бартольдты Орта Азияға жолсапарға аттандырды. Бұл сапардың мақсаты: 1) Кейінгі кездерде белгілі болған деректермен танысу; 2) бұрыннан келе жатқан ғылыми байланысты жаңғырту. Түркістан өлкесіндегі ғылыми жұмыстар үшін мүмкіншіліктерді анықтау және қазіргі күндердегі ғылыми міндеттерді белгілеу.

Осы жолсапар кезінде ол Түркістандағы көпшілік кітапханасымен, оның жанындағы музей материалдарымен, одан кейін жалпы Орта Азияға қатысты архив істерімен танысады. Ташкентте, Қоқандта, Самарқандта болды. 1917 жылы «Европа мектебі және болашақ Түркістандағы орыс ғылымы» деген мақала жазып, басып шығарды. Тарих үшін табылған қолжазбалардың, архив және музей материалдарының аса құнды екенін баса айтады.

1917 жылы ғалымның Финляндияға жолы түсіп, ғылыми сапарға шығады. Бұл сапардың негізгі мақсаты – бұрынғысынша, Орта Азия мен Қазақстан туралы тың деректер жинау болатын. Денсаулығының нашарлығына қарамастан осыншама қиын жолдардан өтіп, ғылыми жолсапарларды басынан кешіру өзінің бар жақсы нәтижесін берді деп ойлауға болады. **Өйткені, шығыстың тарихы мен тілі туралы, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан тарихы туралы В.В.Бартольдтың жазған ғылыми еңбектері шығыстану ғылымына қосқан өте үлкен еңбек деп айтуға болады.**

Жоғарыда айтылған көптеген жолсапарлардың нәтижесінде В.В.Бартольд Батыс пен Шығыстың ең ірі кітапханалары мен архивтерінде жинақталған қолжазба жинақтарын зерттеп, талдау жасап, ақырында солардың бірден-бір білгірі болып шықты. Ол бұрыннан ғылыми әлемге белгісіз болған көптеген деректерді және қолжазба құжаттарды ғылыми айналымға түсірді. В.В. Бартольд жинақты түрде және методикалық жағынан Орта Азияның тарихы туралы мақалаларды жазып жүріп, ең алғашқы жазған ірі тарихи монографиясы Қазақстанның ең көне дәуірінің тарихы жөнінде жазылған «Жетісу тарихының очерктері» деген көлемді еңбегі болды. Бұл еңбегінде ол біздің эрамыздан бұрынғы кезеңнен бастап біздің дәуіріміздің 1758 жылына дейінгі кезеңді қамтыған. Бұл очерктеріне қосымша етіп хронологиялық көрсеткіштерді де бастырған. Бұл тек қана Жетісу тарихының ғана ескерткіштері емес, Бүкіл Орта Азия тарихына да байланысты шығарма болды. 1898 жылы жазылған еді. Одан бір жыл бұрын, 1897 жылы В.В.Бартольд Н.Лакошин аударған Наршахидің «Бұхара тарихы» еңбегін редакциялаған болатын.

1898 жылы В.В. Бартольдтың өміріндегі ең маңызды жыл болды. Бұл жылы оның ең маңызды, ең көлемді еңбегі «Монғолдар кезеңіндегі Түркістан» деп аталатын еңбегінің бірінші кітабы шығады. Осыдан екі жылдан соң В.В.Бартольд (1900 ж.) осы аталған тақырыпта диссертация қорғайды. Бұл жұмысы үшін ол Шығыс тарихының докторы деген атақ алады. Өте үлкен және қалың болып басылған «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» деген еңбек ғалымның шығыстану ғылымына қосқан аса зор үлесі болды. Докторлық диссертациясына оппонент болған профессорлар Н.И.Веселовский мен В.А.Жуковский өз сөздерінде «бірде-бір орта ғасыр тарихының зерттеушісі енді В.В.Бартольдтың еңбектерін айналып өте алмайды.» деп әділін айтты.[3]

Өте сәтті қорғалған диссертациялық жұмыс туралы Түркістандық тілектестері үндемей қала алмады. «Үлкен ғалымның тамаша жеңісіне шын жүректен қуаныштымыз. Өзінің бар күшін, зор талантын біздің өлкені зерттеуге жұмсап отыр. Біз оны тамаша адам, талантты ғалым ретінде мақтан тұтамыз», - деп жазды олар. [4]

Бұл еңбек кейінірек басқа тілдерге де аударылды. 1930 жылы В.В. Бартольд қайтыс болғаннан кейін өзбек тіліне аударылған екен. Ал ең алғаш бұл еңбекті ағылшын ориенталистері өз тіліне аударыпты. Ағылшын тілінде авторлардың аздаған алғысөз жазуымен 1928 жылы жарық көріпті. Бұл жағдай сол кездегі кеңестік шығыстану ғылымын аса зор беделге ие болғызды. Бұл еңбектің бұрынырақ шықса да, кеңестік шығыстану ғылымы үшін қандай маңызы болғандығын профессор И.И. Умняковтың мына сөздерінен байқауға болады: «В.В. Бартольдтың «Түркістаны» жарық көрген соң автордың қорытындылары мен айтқандарын басшылыққа алмайынша бірде-бір зерттеуші Орта Азияның 7-13 ғасырлардағы тарихын зерттей алмайтын болды».[5] Бұл еңбек туралы бұлай айтатын себебі, біздіңше мынада: кез келген тарихи мәселелерді зерттеген еңбектерді көп монографиялардың ішінде біреу-екеуі негізгі ғылыми еңбек болып есептеледі. Қалғандары осылардың бағыты бойынша жұмыс істейді, соны негізге алып жазды. Қазақстан мен Орта Азияны арабтар жаулап алмай тұрған кезде-ақ, 7 ғасырдан бастап 14 ғасырға дейінгі кезеңді қамтитын бұл екі кітаптан тұратын еңбекті осы уақытқа дейін бірде-бір зерттеуші айналып өте алмай отыр. Тіпті жарық көргеніне бәріміз қуанған «Қазақ ССР тарихының» (бес томдық) екінші томының кейбір авторлары ғалым еңбектерін үтір-нүктесіне айнытпай көшіре салған тұстары да бар екен.

В.В. Бартольдтың бұдан кейінгі тағы бір көлемді еңбегі «Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до 17 века» деп аталады. Бұл еңбегінде Түркістан өңірі үшін аса маңызды болған мәселелер қарастырылып, тіпті Амудария өзені белгілі бір тарихи кезеңде Каспий теңізіне

құйған деген пікірді айтады. Барлық жиған материалдарды осы пікірдің дұрыс-бұрыстығына жұмылдыра отырып, осы өңірде, яғни, Хорезммен оның төңірегінде болған тарихи оқиғаларды географиялық өзгерулермен салыстыра отырып зерттейді. Бұл еңбегі туралы автордың өзі де: «Амудария өзенінің Каспийге құйған-құймағаны менің зерттеуім үшін маңызды емес, ал маңызы бары негізінен тарихи оқиғалар» деп жазды [6].

В.В. Бартольд өзінің творчестволық өмірінде көптеген зерттеулерін Қазақстан мен Орта Азия тарихына ғана арнап қойған жоқ. Ол шығыстың басқа халықтарын да зерттеді. Ол еңбектерінің ішінде ең маңыздысы 1903 ж. шыққан «Иранға тарихи-географиялық шолу» атты монографиясы болды. Бұл еңбегі негізінен университетте оқытқан лекциялар курсының негізінде жарық көрді. Автор бұл еңбегін жазарда материалдың аздығына байланысты тек тарихи-географиялық шолу жасамақ ниетте болған еді. Ал еңбегі жарық көрген кезде бұл ойдың шеңберінен жұмыстың мазмұны әлдеқайда асып кетті. Сөйтіп, бұл еңбек Парсы тарихындағы ең көлемді, мәдениет пен экономика тарихын көрсеткен үлкен еңбек болып шықты. Аталған еңбекке деген оңды пікірлер түркістандық және ирандық баспасөз беттерінде жарияланды.[7]

В.В. Бартольд өзінің еңбектерін шет тілдерге аударып, шығыстану ғылымында жеткен жетістіктермен шетел ориенталистерін де таныстырып отырды. Ол отаршыл аймақ болып саналған Қазан, Тифлиси, Ташкент сияқты провинциялық қалаларда жарық көрген тарихи шығармаларды шетел ғалымдарының білмейтініне өкінеді.

Түркі дүниесінің жанашыры бола білген ғалым Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дүниелік және орта ғасырлық тарихына жалпы шолу мен оның міндеттерін шетелдік баспасөз беттерінде бірнеше рет жариялады. 1914 жылы неміс тілінде жарияланған еңбегінде Шығыс Түркістан туралы материалдарын қосып жариялады.

1913 жылы В.В. Бартольдтың «Европа және Ресейде Шығысты зерттеудің тарихы» деген тамаша еңбегі неміс тілінде жарық көреді. Халықаралық басылым болып есептелетін «Ислам энциклопедиясында» (1913-1936) В.В.Бартольдтың көлемді мақалалары жарық көрді. Мұнда ол мұсылман дінінің Орта Азия мен Қазақстанға таралу тарихына көп тоқталды.

Орыстың шығыстану ғылымының нәтижелерімен таныса алмай тұрып, шығыс туралы қате пікірде болған, шығыс тарихын бұрмалаған Батыс Европаның ориенталистеріне қарсы шықты. Ол 1903 жылы Түркістанда жүргізілген Р.Помпелли басқарған америкалық экспедицияның жұмысын да қатты сынады. Ол Түркістандағы археологиялық қоғамның мүшелеріне жазған хатында американдық экспедицияның Түркістан өлкесімен танысуына, зерттеуіне кедергі жасамау керек, бірақ олардың археологиялық қазба жұмысын жүргізуіне ешқандай рұқсат берілмеуі керек дейді, өйткені, экспедиция мүшелерінің ішінде Орта Азия мен Қазақстан тарихын білетін, бүгінгі өмірін түсінетін бір де бір адамның жоқ екендігін ескертті. Кейін В.В. Бартольдтың айтқан бұл пікірі профессор Р.Помпеллидің археология экспедициясының бітірген жұмысы туралы есебінен де білініп қалды. Бұл экспедицияның есебі туралы зерттеуші Б.А. Литвинский де ашына былай дейді: «В целом американская экспедиция под руководством Р.Помпелли своими хищническими раскопками, разрушившими ценнейший памятник и своими «фундаментальными» отчетами, введшими в заблуждение многих легковерных археологов, нанесла серьезный ущерб изучению энеолита и бронзового века юга Средней Азии».[8] Бұл экспедицияның осылай жұмыс істеп, біздің өлкенің тарихына нұқсан келтіруіне патша үкіметінің ғылымының ісі мұрнына бармайтын құйыршық – шенеуніктері рұқсат беріп, шынайы еңбек ететін ғалымдардың еңбегін жоққа шығарды. Бұндай жағдай Ресей тарихында жиі болып тұратын. В.В.Бартольд осындай расистік көзқарасқа жан-тәнімен қарсы болды. Ол шетел авторларының мақалалары мен кітаптарына жазған рецензияларында Шығысты менсінбеушілік көзқарастарды аямай сынады. Оның сыни мақалалары мен сөздері ғылыми негізде және өте әділ болатын еді. Ол тіпті өзінің әріптестерін қатты сынайтын. Оның әділдігі үшін оған ешкім өкпелемейтін еді. Мысалы, атақты зерттеуші В.Минорский неміс ғалымы И.Маркварттың еңбектеріне библиографиялық көрсеткіштер жасаған екен. Бұл істе оның жасаған асығыстығын аңғарған В.В.Бартольд оған хат жазып, сыни талдау жасайды. В.Минорскийдің айтуынша В.В.Бартольдтың кейігені соншалық, тіпті хатының соңына қол қоюды ұмытып кетіпті деп жазады.

Бартольд В.В. тек өзінің ғылыми жұмысынан басқа жұмысты білмейтін, кеңселік ғалым болып қала алмады. Оның айналасында болып жатқан дүниелер оны қатты қызықтырды. 1905-1907 жылдардағы революция кезінде ол тарихта кездесетін халық қозғалыстарының тарихын, тап күресінің тарихын зерттеуге көп көңіл бөлу керектігін айтты. Ол осы тұста 1365 жылы Самарқандта болған көтерілісті зерттеп, мақала жазды. Бұл көтерілістің монғолдардың билеушілеріне қарсы, әмірлерге қарсы бас көтерген бүкілхалықтық сипат алғанын көрсетеді.

1913-1914 жылдары В.В. Бартольд тағы да бір көлемді еңбегін шығарды. «К истории орошения

Туркестана» деп аталатын еңбегінде ол Орта Азия мен Қазақстан тарихын өте кең көлемде алып баяндайды. Бұл еңбекті жазу үшін ол өте ежелгі дүниедегі Иран және Рим деректеріне қоса, 19-20 ғасырлар межесіндегі орыстық, батыс европалық деректерді кең түрде пайдаланды. Бұл шығарма Орта Азияның ауыл шаруашылығы туралы, әсіресе Сырдарияның жағалауындағы суландыру жүйесі туралы көлемді еңбек болып табылады.

Революцияға дейінгі кезеңдегі ең үлкен еңбегінің бірі «Темірді жерлеу туралы» деп аталатын еңбегі болды. Бұл еңбегінде тек Темірдің, атакты әміршінің жерленуі жөнінде ғана емес, оның жүргізген саясаты мен мемлекеттік қызметі, ұрпақтары және олардың атқарған мемлекеттік істері туралы да мол мәліметке толы көп деректерді ғылыми айналымға түсіреді. Гур-Әмір мавзолейі туралы мақала жазады. Бұдан кейінгі ең үлкен еңбегі «Грек-Бактрия мемлекеті және оның солтүстік-шығысқа қарай таралуы» деп аталады. Бұл осы уақытқа дейінгі Орта Азияның көне дәуіріне арналған құнды еңбек болып есептеледі.

В.В. Бартольд кеңестік шығыстану ғылымының қалыптасу кезеңінде де орасан зор еңбектер атқарды. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін-ақ, 1918 жылдың көктемінен бастап, Халық Комиссарлар кеңесінің жетекшілігімен Ресей Ғылым Академиясы өз жұмысын қайта құруға кірісті. Революцияға дейін буржуазиялық көзқараста болған талай ғалымдар кеңес өкіметін қолдап, ғылыми жұмыстарын одан әрі жалғастыра берді. Біз ғалымның шығыстану ғылымына қосқан үлесі туралы айтып отырғандықтан, оның саяси көзқарастары туралы әңгімелеуді мақсат тұтпадық. Оның қазан төңкерісіне көзқарасын толығымен зерттеуді кейінге қалтыруды, әрине сәті түссе, жөн көріп отырмыз. Алайда, социалистік революцияны қалай қабылдағанын зерттеуші, шығыстанушы Б.В.Лунииннің сөзімен айтсақ: «... он воспринял социалистическую революцию настроенно и, собственно, враждебно». [9]

Көптеген ескі интеллигенттік адамдар сияқты ол үшін патшалық тәртіптің құлағаны оған ұнамады. Революциядан кейінгі өмір өте күрделі және қарама-қайшылыққа толы болды. Ол бір жағынан патшалық тәртіптің жойылғанына қуана алмады, екінші жағынан, буржуазиялық либерал ретінде, өз сөзімен айтқанда, болып жатқан оқиғаларды аяғына дейін түсініп, қабылдай алмады. Оның осындай бір пікірге келе алмаушылықта болуы оның жазған мақалалары мен сөйлеген сөздерінде анық байқалды. Әйтсе де, бұл өзінше қарастыруды керек ететін мәселе. Революциядан қорқу көптеген ғалымдардың ғылыми жұмысын жалғастыруға кедергі келтіре алмады. В.В.Бартольд та революциядан кейін өмірінің соңына дейін өзінің ғылыми жұмысын табандылықпен жалғастыра берді.

Пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін пролетарлық мемлекеттің негізін қалаушы В.И.Ленин шығыстану ғылымының дамуына көп көңіл бөлді. Оған дәлел оның басшылығымен шыққан кеңестік-шығыстанушыларды дайындау туралы екі қаулы болды. Москваның шығыстану институты мен Петербургтің шығыс тілдері институты осы екі қаулының негізінде құрылды.

Петербург институтында В.В. Бартольд профессор қызметінде жұмыс істей бастады. В.В. Бартольдтың шығыстану ғылымы саласындағы қызметінің өрістеуіне Орта Азия мемлекеттік университетіндегі оқытушылық қызметі көп жағдай жасады. 1918 жылдың көкегінен бастап Ташкент қаласында Орта Азиядағы алғашқы жоғарғы оқу орны Түркістан халық университетінің жұмыс істей бастауы Петербург университетінің мықты ғалымдары С.Ф.Ольденбург, В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский, Н.Я.Марр, А.Э.Шмидт, А.Н.Самойлович және басқалар үшін шығыстану ғылымын дамыту ісінде жаңа кезең болды.

1920 жылы Халық Комиссарлар кеңесінің Указымен Ташкент мемлекеттік университеті ұйымдастырылды. Бұл университетке орталықтан көптеген ғалымдар жіберілді, материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге көп көмек көрсетілді.

1920 жылы В.В.Бартольдты Халыққа білім беру комиссариаты Түркістан мемлекеттік университетіне ғылыми жолсапарға жіберді. Ондағы мақсаты университет жанынан Шығыс тарихы факультетін ұйымдастыру болатын. Талантты ғалым өмірінің соңғы он жылында кеңестік шығыстану ғылымының ұйымдастырушысы ретінде Орта Азия мен Қазақстан тарихы және филологиясы зерттеуде көптеген жетістіктерге жетеді. Көптеген ғылыми журналдар, жинақтардың шығуына басшылық жасайды. Ол 1918 жылы «Ұлықбек және оның дәуірі» деген еңбек жазды. «Ислам» және «Мұсылмандық мәдениет» деп аталатын екі кітап шығарды. Өзі зерттеу жүргізетін елдердің негізгі діні – мұсылман дінін зерттеуге көп күш салды. Ол 1922 жылы Түркістан университетінде оқыған лекцияларының негізінде «Түркістан тарихы» деген еңбегін жазып, басып шығарады. Онда Орта Азияның ежелгі дүниеден бергі тарихы 1917 жылға дейін баяндалады.

Ғалым 1922 жылы «Мұсылман әлемі», 1925 жылы «Тәжіктер», 1927 жылы «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы», 1928 жылы «Парсы еліндегі шаруалар қозғалысы тарихы мәселесіне» деген еңбектері және жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді. Бар өмірін шығыстану ғылымына арнаған талантты ғалым, қайсар талант, Орта Азия мен Қазақстан тарихының, түркі дүниесінің жанашыры Василий Владимирович Бартольд 1930 жылдың 19 тамызында қайтыс болады. Ол Смоленск маңындағы мүрдеге жерленген.

В.В.Бартольдтың көп еңбектері өзбек, тәжік тілдеріне аударылған. Өкінішке орай, қазақ халқының тарихы жөнінде құнды мәліметке толы көп еңбектері бола тұрса да, оны қазақшалап, оқырмандарға кеңірек таныстыруда біздер әлі де жайбасарлық танытудамыз.

Қазақстан тарихын оқып үйренуде тарихты зерттеуші ғалымдардың еңбегін зерртеп, оны білудің маңызы өте жоғары. Әсіресе, Қазақстан тарихының ежелгі дүние мен орта ғасырлық дәуірін көршілес жатқан түркі тілдес халықтардың тарихымен байланыстыра қарастырған дұрыс. Шығыстанушы ғалымдардың ішінде В.В. Бартольдтың еңбектері осы тұрғыдан алғанда таптырмас тарихи шығарма ретінде де, түпнұсқа дерек ретінде де пайдасы мол еңбектер. Өйткені, бұл ғұлама ғалымның еңбектері ежелгі дүниенің, орта ғасырдың, жаңа заманның түпнұсқа деректеріне өте бай фактілік материалдарға сүйене отырып жазылған.

Өзінің нашар денсаулығына қарамастан, елдің солтүстігіндегі салқын аймағында дүниеге келіп, сол жақта өсіп, білім алып, ғылыми жолда Орта Азияның аптаған ыстығында жүріп, талай қиыншылықтарды басынан кешіріп, сондай-ақ алдына қойған мақсатынан таймай, орасан зор дүниені тындырған В.В.Бартольдтың өмірі мен ғылыми қызметін зерттеу, оның ғылыми мұраларын терең түсіну ел тарихын қадірлеген адам үшін үлкен абырой деп түсінеміз.

Басынан өткізген үлкен ауыртпалыққа қарамастан артына бай ғылыми дүние қалдырған В.В.Бартольдтың бұл қызметі ғылымға деген қызығушылық, немесе, патша үкіметінің отаршылдық саясатының үстем болып тұрғанында бағындырған елдің тыныс-тіршілігін зерттеу керек, ол елді түгелдей отарға айналдыру керек деген шовинистік саясаттың сойылын соғушылық емес, үлкен ғалымның зор адамгершілігінен туған ұлы қасиет, түркі тілдес халықтар тудырған үлкен мәдениетке ғашықтықтан туған ұлы сезім, ақкөңіл халқымызға деген сүйіспеншіліктен туған әрекет деп түсінген жөн. В.В.Бартольдтың ғылыми мұрасы ұрпаққа қалдырған өте бай мұра.

Бұл қысқаша очеркте ғалымның өмірінен аз да болса хабардар болып, оқырманға сол білгенімізді жеткізе білсек бір жақсы іс тындырғандай болар едік. Әрине, В.В.Бартольдтың ғылыми-творчестволық еңбектері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы түгелдей «Рухани жаңғыру» жолына түсіп жатқан тұста өркениетті мәдениетке қол жеткізу тек өз тарихыңды терең білу арқылы болатынын әркез есте сақтаған абзал. «Рухани мәдениет адамнан ажыратылмайды, адам – мәдениет субъектісі. Оның адамдық сапасы тілді игеру, қоғамдық құндылықтар, әдет-ғұрып т.б. мәдениетке тән іс-әрекет дағдысы арқылы көрінеді. Мәдениет – адамдықтың өлшемі, ол адамның қоғамдық мән есебінде дамуын сипаттайды. Сондықтан мәдениет адаммен тікелей қатынаста өмір сүреді. Адам өзінен бұрынғы мәдениетті бойына сіңіреді, қабылдайды, өзінің болашақ қызметінің алғышартына айналдырады. Сөйтіп, ол өз білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, өзінің мәдениетін, адамдық мәнін қалыптастырады. Яғни рухани мәдениет адамдық қасиеттердің көрінісі болып табылады». [10]

Осы орайда, аса көрнекті шығыстанушы, академик В.В.Бартольдтың өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеу аса маңызды іс екендігін баса айтқымыз келеді.

Көрсетілген әдебиеттер тізімі:

- 1 Бартольд В.В. Письмо Н.Я.Марру из Самарканды от 03 июня 1904 г. Соч. Т. 8. – С.403.
- 2 Известия империйской Академии наук. 6 серия, 1914. – С.879.
- 3 «Туркестанские ведомости», 1900, № 217.
- 4 «Туркестанские ведомости», 1900, № 97.
- 5 Умняков И.И. В.В.Бартольд. // Бюллетень САГУ, № 14. 1926. – С. 31.
- 6 Бартольд В.В. Письмо Н.Г.Маллицкому, от 7 февраля, год неизвестен. Соч. Т. 9. – С.719.
- 7 «Туркестанские ведомости». 1903, № 766, 1904, №37.
- 8 Акрамов Н.М. Выдающийся русский востоковед В.В.Бартольд. – Душанбе, 1963. С. 55.
- 9 Луин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. – Ташкент, 1958. – С.220.
- 10 Аюбаев М.К. Мәдениет және өркениет ұғымдары туралы. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Хабаршысы», «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №2(45), 2016 ж., 47-бет.

Т.Ә. Нұрпейіс¹

¹кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры
«Международных отношений» КазНПУ имени Абая

НАУЧНЫЕ КОМАНДИРОВКИ АКАДЕМИКА В.В. БАРТОЛЬДА. В.В. БАРТОЛЬД И ТУРКЕСТАНСКАЯ АРХЕОЛОГИЯ

Резюме

Автор в данной статье продолжает свое исследование о плодотворной жизненной и научной деятельности академика В.В. Бартольда. С целью повышения своего образовательного и научного уровня ученый-востоковед отправляется в научные командировки в ближние и дальние зарубежья и набирает большой опыт научно-исследовательской работы. В крупных архивохранилищах и музеях европейских стран ознакомился со многими историческими документами, относящиеся к истории и культуре восточных стран, мусульманского мира, народов Средней Азии и Казахстана, с передовой научной системой научного исследования. Он собрал очень много ценных архивных материалов по теме своего обширного научного исследования. Много времени своей научной жизни он уделял проблемам истории и культуры Средней Азии и Казахстана. Находясь в Средней Азии он впервые организовал кружок любителей археологии Туркестанского края, и начал исследовать археологические памятники края. Он боролся против безцеремонного ограбления древних курганов вандалами – колонизаторами. Много трудов им было опубликовано, среди которых «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» и «Очерки истории Семиречья».

Ключевые слова: научные командировки, архивохранилище, музей, научная система, ближнее зарубежье, дальнее зарубежье, Семиречье, история Туркестана, археологические памятники, монгольское завоевание

T.A. Nurpeis¹

¹Candidate of Historical Science, senior lecturer in "International relations", KazNPU named after abay

SCIENTIFIC TRIPS OF ACADEMICIAN BARTOLD V.V. BARTOLD V.V. AND TURKESTAN ARCHAEOLOGY

Summary

The author of this article is continuing its study on the productive life and scientific activity of academician Bartold V.V. In order to improve his educational and scientific level, the scientist-orientalist left for a scientific mission in the neighboring countries and foreign countries, gained the great experience in his research work. In large archives and museums of Europe, he had got acquainted with a number of historical documents relating to the history of eastern countries, of the Muslim world, of the peoples of Central Asia and Kazakhstan, learnt an advanced scientific system of academic institutions in Europe. He collected a lot of valuable archival material relating to his extensive research. For a long time, his scientific life was devoted to the problems of the history and culture of Central Asia and Kazakhstan. Located in Central Asia, he first organized a group of amateurs of archeologists of Turkestan and began to explore the archaeological sites of the region. He fought against unceremonious robbery of ancient burial mounds vandals - colonizers. Many papers being published on the history of our region, including "Turkestan in the era of the Mongol invasion" and "Essays on the History of Semirechye" and others.

Keywords: field trips, archives, a museum, a scientific system, neighboring countries, foreign countries, Seven Rivers, the history of Turkestan, archeological sites, the Mongol conquest

Ә.Қ. Ақтас¹, Ж.Қ. Симтиков²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты, халықаралық қатынастар кафедрасы, 6М020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты
a.aktas@sorbonne.kz

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің саяси ғылымдар докторы, халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІ АЯСЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдерімен ХХІ ғасырдағы жаңа геосаяси жағдайдағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар Қытайдың Орталық Азия елдеріне әсері мен жаңа геосаяси жағдайдағы ықпалдастық үрдісі талқыланады. Си Цзиньпин Назарбаев университетінде жасаған баяндама-сында, «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» - деп ресми түрде Жібек жолы экономикалық белдеуін құру инициативасын ұсынды. Бұл стратегиялық бастама ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауына ие болды. Сондай-ақ, Орта Азия мемлекеттерінде де жылы қарсы алынды. Орта Азия мемлекеттері үшін аталған жоба жемісті, әрі табысты болмақ. Жоба аясында Орта Азия мемлекеттері Қытайға Еуропа континентіне жол ашып берсе, Қытай өз кезегінде Орта Азия мемлекеттеріне үлкен көлемдегі инвестиция құяды және Орта Азия мемлекеттеріндегі инфрақұрылымды да ілгерілетуге ат салысады.

Түйін сөздер: ықпалдастық, әлемдік экономика, геостратегиялық даму, Орталық Азия, Қытай Халық Республикасы, Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі

Қытай Халық Республикасының «Бір жол бір белдеу» жобасы аясындағы Орта Азия елдерімен ықпалдастығы

Жібек жолының жаңғыру идеясын Астана қаласында «Назарбаев Университеті» 2013 жылдың қыркүйегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің хабарлады. Жаһандық экономикалық дағдарыстың тағы бір толқыны Орта Азия елдерін айналып өтпеді, сауда және Еуразиядағы экономикалық қатынастардың қолданыстағы жүйесін қайта құрылымдау үшін қытай макроэкономикасы тұрғысынан Си Цзиньпин өте жақсы уақыт таңдады. Ол үшін аймақта көлік инфрақұрылымын Батыстан Шығысқа тауар тасымалдау үшін пайдаланылатын болады. Осылайша, көне жолды қайта жаңғырту көптеген адамдардың арманы, бірақ оны аймақ үшін тиімді жолдарын қарастыру, сонымен қатар, сыртқы әлемге паш ету - Қытай басшылығының алдында өзекті міндет болып табылады.

Қытай Халық Республикасының бастамасымен қолға алынып жатқан «Жібек жолы бойындағы экономикалық белдеу» жобасы Қытай, Орта Азия, Таяу Шығыс, Ресей және Еуропа елдерін құрылықтағы біртұтаскөлік дәлізімен жалғауы тиіс. Тынық мұхит пен Балтық теңізі арасындағы ұланғайыр аумақты түгел қаусырған осы жобаға әлемдік ішкі жалпы өнімнің үштен бірін өндіретін және ғаламдық энергетикалық қордың 75%-ы шоғырланған 60-тан астам мемлекет қатысады деп болжанып отыр. Қазақстандық сарапшылардың **Ауелбаев Б., Кушқумбаев С., Сыроевкин К., Додонов В.** бойынша, жоба жүзеге асқан жағдайда Қытайдан Еуроодаққа және кері бағытта тасымалданатын жүк көлемі бүгінгі 117 млн.тоннадан 2020 жылға қарай 170 млн.тоннаға дейін артпақшы. Ал, тауар айналымы \$ 800 млрд-\$1 трлн-ға жетуі мүмкін [1].

Бүгін, сарапшылар арасында осы мәселе төңірегінде көптеген пікірлер жазылып жүр. Жобаның түпкі мақсаты - біріншіден, стратегиялық Орталық Азия үшін өте шектеулі нарығын ескере отырып, өмір сүру, оны көтеру және жақын мәдени Орталық Азия республикаларының экономикалық, сауда және энергетика алмасуды ынталандыру арқылы проблемалық Шыңжаңның облысындағы (ШҰАА) жағдайды тұрақтандыру үшін өте маңызды болып табылады. Сондай-ақ Бейжің үшін Орталық Азия Еуропалық Одақ және басқа да еуропалық елдердің негізгі нарықтарына жылдам қол жеткізу үшін негізгі транзиттік аймағында, «Жібек жолы» экономикалық белдеуі - бірнеше мемлекетті ортақ экономикалық даму жүйесіне біріктіретін жоба. «Жібек жолы» экономикалық белдеуін құру жөніндегі стратегиялық жоба - 2013 жылы қыркүйек айының 7-ші жұлдызында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астана қаласына жасаған жұмыс сапары кезінде ұсынылған болатын. Си Цзиньпин Назарбаев университетінде жасаған баяндамасын-

да, «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» - деп ресми түрде Жібек жолы экономика-ық белдеуін құру инициативасын ұсынды. Бұл стратегиялық бастама ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауына ие болды. Сондай-ақ, Орта Азия мемлекеттерінде де жылы қарсы алынды. Әрине, бұл жәйт таңдай қақтырмайды. Себебі, Орта Азия мемлекеттері үшін аталған жоба жемісті, әрі табысты болмақ. Саясаттану ғылымдарының докторы Симтиков Ж.Қ бойынша, Орта Азия мемлекеттері Қытайға Еуропа континентіне жол ашып берсе, Қытай өз кезегінде Орта Азия мемлекеттеріне үлкен көлемдегі инвестиция құяды және Орта Азия мемлекеттеріндегі инфрақұрылымды да ілгерілетуге ат салысады [2].

Ресей ғалымдарының пікірінше, жобаның басты мақсаты: экономикалық белдеудің бойына орналасқан елдердің экономикасының өсуін ынталандыру және Шығыс Азиядан Батыс Еуропаға дейінгі мемлекеттердің өзара сыйластық, сенім және өзара тәуелділік қағидатымен саяси және экономикалық ынтымақтастығының жаңа форматын құру. Аталған жоба аясында мемлекеттер арасында экономикалық, саяси, гуманитарлық салаларда тығыз байланыс орнатылып, белдеу бойындағы мемлекеттердегі экономикалық ахуалдың жақсаратыны сөзсіз түсінікті. Демек, «Жібек жолы» экономикалық белдеуін құру жобасы Еуразия кеңістігінде орналасқан мемлекеттердің экономикасын дамытудың өзегі, сондай - ақ әлемдік бизнес үшін ХХІ ғасырдағы ең тартымды әрі ауқымды инвестициялық жоба[3].

Бұл ауқымды жоба - ұзақ мерзімге жоспарланған, жаһандық стратегия болып табылады. Кейбір эксперттердің бағалауынша, бұл жобаны толықтай іске асыру мерзімі - 30 жыл уақытты құрайды. Жобаны іске асыру барысында "жеті белдеу" құру жоспарланған:

1. көліктік;
2. энергетикалық;
3. сауда;
4. ғылыми-техникалық;
5. аграрлық;
6. туристік;
7. ақпараттық.

Нәтижесінде, Қытайдың солтүстік - батыс провинциялары мен Орталық Азиядан бастау алатын Орталық және Шығыс Еуропаға дейінгі аумақта еркін сауда кеңістігі құрылады деп күтілуде. Яғни, жоспар бойынша жоба соңында мегапотенциалға ие - меганарық құрылады.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылғы 11 қарашадағы Жолдауында «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын жариялады. «Нұрлы жол» экономикалық саясатының көздеген мақсаты – елдің әлеуетін көтеру және елді-мекендердегі инфрақұрылымды жақсарту. Инфрақұрылымды жақсарту негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыруға, сондай-ақ сыртқы нарықта экономиканың жекелеген секторларын қолдау жөніндегі дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бағытталған. Бағдарламаның іске асу мерзімі - 5 жыл уақытты құрайды. Бағдарламаға қатысуға ниет білдіріп отырған шетелдік компаниялардың саны 100-ден асады, яғни Қазақстанға өте қомақты сомадағы инвестициялық портфель құйылады[4].

Экономикалық құлдырау жағдайында 2015 жылы Қазақстанда 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы жарияланды. Ол Астанадан Қазақстанның барлық аймақтарына тарайтын көліктік және логистикалық құрылымды дамытуға бағытталған. Осы бағдарлама Қытай президенті Си Цзиньпин 2013 жылдың күзінде Астанаға сапарында жария еткен Жібек Жолының экономикалық белдеуі атты бастамасымен тұспа тұс келеді. Яғни, Қазақстан осы тұрғыдан алғанда «Бір жол бір белдеу» бағдарламасына Орта Азия елдерінің ішінен ерекше қызығушылығын танытып отырғанын атап өткен жөн.

Бүгінде Орталық Азияда оның энергетикалық және саяси-экономикалық потенциалына АҚШ, ЕО, Түркия, Ресей және Қытай тарапынан бәсекелестік өршіп тұр. Соның нәтижесінде аймақта бір уақытта бірнеше ірі халықаралық жобалар көрініс тапты: мысалы, ЕАЭҰ, қытайдың ЖЖЭБ, түріктің түрік интерграциясы жобасы, АҚШтың «Жаңа Жібек жолы» немес Үлкен Орталық Азия жобасы. Осы орайда Қытаймен де Ресеймен де көршілес жатқан Қазақстан геополитикалық және экономикалық тұрғыдан екі ауқымды жобаны кіріктіріп екеуінен де өз мүддесін жүзеге асыруға мүдделі. Олар: Еуразиялық Экономикалық Ұйым және Жібек Жолының Экономикалық белдеуі [5].

Алайда осы бәсекеде көшбасшыны анықтауда экономикалық және саяси мүдделерден бұрын жергілікті халықтың қалауы мен саяси элитаның таңдауы да басымдық танытуы әбден мүмкін. Алға қойған мақсатына жету үшін Пекин Жібек жолының экономикалық белдеуінің мәдени аспектісінде көрініс тапқан «құмсақ күшін» пайдалануға тырысуда.

Шын мәнінде, бұл проблема 2000 жылдары Қытайдың Орталық Азия өңірімен саяси және экономика-

лық интеграцияны бастау үшін бірінші әрекеті - Қытайдың сол кездегі төрағасы Цзянь Цземинь КҚК XVI съезінде «алға шығу» стратегиясын жариялаған кезде, пайда болды. Сондықтан, Қытай, бұл мәселені шешу үшін ШЫҰ аясында «жұмсақ зерттеу күшіне» аса зор мән береді. Сондай-ақ, 2006 жылы, Қытай Орталық Азиядағы Қытай оң имиджін қалыптастыруға және «Қытай қаупін» теріске шығаруға бағытталған «, Қытайдың бейбіт өсуіне» тұжырымдамасын ұсынды.

Жібек Жолының қайта жаңғыруы заманның ауқымды ықпалдастыққа бастайтын үлкен жоба. Ұзақ жылдар бойы осы жол Азиядан Еуропаға тауар жеткізетін маршрут болды. Оңтүстік теңіз жолының пайда болуымен ол өзінің маңыздылығын жоғалтты. Кеңес Одағы құлдырағалы бері құрлық көлік дәлізіне деген қызығушылық қайта оянды – әлемдік саясаттың ірі ойыншыларының қатысуымен ауқымды жобалар дүниеге келді. 90 жылдардың басында ақ ЕО мен АҚШ Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыру жұмысын қолға ала бастады. Алғашында ҚХР оларға осы жобалар аясында серіктестікке ұмтылды. Алайда, өз мүмкіндіктерінің Орта Азияда кеңеюіне байланысты Пекин үшін осы аймақтағы басымдықтарға ШЫҰ аясында екіжақты келісімдегі жобалар шыға бастады [6].

Алайда, қытай ғалымдары бойынша осы ауқымды жобаны іске асыруда Орталық Азия елдеріндегі көпжылдық дәстүрі мен тарихи жадына сіңіп кеткен «китаефобия» кедергі болуы мүмкін. ЖЖЭБның бірінші мәдени – гуманитарлық бағытына елдер арасындағы қорқыныш пен ескі түсініктерді, күдіктер мен түсініспеушілікті азайту және түбегейлі жою мәселесі тұр.

Біздің ойымызша, аталмыш жоба жүзеге асқан жағдайда оның Орталық Азия елдерінің экономикалық, әлеуметтік және геосаяси жағдайына түбегейлі өзгерістер алып келуі ықтимал. Дегенмен оған кедергілер де жоқ емес. Таяу Шығыс елдеріндегі ішкі жағдайдың тұрақсыздығы, сонымен қатар аймақтағы ішкі шиеленістердің, китаефобия сияқты мәселелердің алдын алу жобаның жүзеге асу мүмкіншілігін көбейтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ауелбаев Б., Кушкумбаев С., Сыроежкин К., Додонов В.Центральная Азия – 2020: четыре стратегических концепта./под редакцией Карина Е./Каз. ин-т стратег. исслед. –Астана: КИСИ, 2011. – С. 9

2 Қаньши Ж.А., Симтиков Ж.Қ. Қытай Халық Республикасының Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасының алғышарттары // Вестник. КазНПУ. Серия: «Международная жизнь и политика». 2016. - №3(46). - С. 43-46.

3 [электрон.ресурс].-2015.-<https://cyberleninka.ru/article/v/ekonomicheskij-poyas-shelkovogo-puti>(дата обращения:06.03.2017)

4 Baiturbaeva A.T. The main directions of cooperation between the PRC and Kazakhstan// Вестник КазНПУ. Серия: «Международная жизнь и политика. - 2016.- №4(47). – С. 36-39

5 Лукин А. Идея «Экономического пояса Шелкового пути» и Евразийская интеграция// Международная жизнь. – 2014.- №7 - С.100

6 [электрон.ресурс].-2014.-<https://zonakz.net/articles/12832>(дата обращения: 06.03.2017)

Ә.Қ. Ақтас¹, Ж.К. Симтиков²

¹магистрантка 2 курса специальности 6М020200 – «Международные отношения», кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая aktas.aigerim@gmail.com

²доктор политических наук, заведующий кафедры международных отношений КазНПУ имени Абая zhomart-67@mail.ru

ИНТЕГРАЦИЯ КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ СО СТРАНАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В РАМКАХ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЯСА ШЕЛКОВОГО ПУТИ

Резюме

В данной статье анализируется процесс интеграции КНР с Центрально азиатскими странами в рамках проекта «Один пояс одна путь» Экономического пояса Шелкового пути». Проект включает в себя создания сухопутных торговых путей из Китая в Европу через Центральную Азию которую исторически считает зоной своих интересов. А также в статье рассматривается стратегические цели этого проекта в новых геополитических условиях в ряде стран Центральной Азии и его влияние в регионе в целом.

Ключевые слова: интеграция, мировая экономика, геостратегическое развитие, Центральная Азия, Китайская Народная Республика, Экономический пояс Шелкового пути

А.К. Aktas¹, Zh.K. Simtikov²

¹undergraduate of 2nd course specialty 6M020200 – International relations,
Department of international relations of the Institute Sorbonne-Kazakhstan in KazNPU named after Abai
aktas.aigerim@gmail.com

²doctor of political sciences, chairperson of chair International relations
Kazakh National Pedagogical University named Abai
zhomart-67@mail.ru

INTEGRATION OF PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA WITH CENTRAL ASIAN COUNTRIES UNDER THE ECONOMIC BELT OF SILK ROAD

Summary

This article analyzes of strategic purposes of the "One belt one road" project presented by President Xi Jinping during the economic forum in Astana in the autumn of 2013 and its impacts on Central Asian countries. The project includes the creation of land trade routes from China to Europe through which is historically considered a zone of its interests as well as sea routes connecting the coastal areas of China and Europe through the South China Sea and the Indian Ocean. And also in the article the influence of the project of the "Economic belt of the Silk Road", in addition to trade and transport-logistic purposes, to its close abroad, the countries of Central Asia and the influence in the region as a whole, is considered.

Key words: integration, world economy, geostrategic development, Central Asia, People's Republic of China, Economic Belt of Silk Road

УДК 327; 339.9
МРНТИ 11.25.67

Ж.Алиядин¹, А.К. Курмангали²

¹студентка 4 курса кафедры международных отношений
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

²научный руководитель, д.полит.н., доцент кафедры международных отношений КазНПУ им. Абая

ПРОБЛЕМА ТРАНСКАСПИЙСКОГО РЕГИОНА: ПОЗИЦИЯ ИРАНА

Аннотация

В данной статье анализируется проблема в Каспийском регионе между пятью странами: Казахстаном, Россией, Азербайджаном, Ираном, Туркменистаном. Основная проблема Каспийского региона, которая отражена в особом международно-правовом и геополитическом статусе, при этом учитывая интересы Ирана. Советская Россия отказалась от монопольных прав на Каспий и бессрочные советско-иранские договора 1921, 1935 и 1940 годов определили равные и исключительные права на осуществление морской деятельности на Каспийском море двух прикаспийских государств - СССР и Ирана.

Ключевые слова: Транскаспийский регион, Иран, Каспий, урегулирование правового статуса, Казахстан, Каспийское море, иранские договоры

Каспийское море – является одним из богатейших водных объектов нашей планеты. Его живые и минеральные ресурсы с давних времен составляют основу экономики народов и государств, расположенных на его побережье. Транспортные возможности Каспия, уникальные туристические и оздоровительные комплексы, а самое главное – нефтяные и газовые месторождения, запасы которых, по мнению экспертов, уже превышают уровень бассейна Персидского залива, превратили его в приоритет внешней и внутренней политики прибрежных государств. В начале XX века Каспийский регион остается одним из важнейших в геополитическом плане, так как в нем сходятся интересы крупнейших стран мира. На сегодняшний день, он становится вполне самостоятельным региональным узлом современной политики, где имеет место развитие событий, от которых зависят международные процессы, как на региональном уровне, так и на международном уровне.

Каспийский регион располагается между Европой и Азией, на перекрестке транспортных пересечений как между Востоком и Западом, так и между Севером и Югом. Так как он охватывает совершенно разные

по всем параметрам государства, как по политическому строю, так и по культурному развитию, он является территорией, которая является пунктом сближения для различных стран, таких как приближенные к нему: Иран, Российская Федерация, Казахстан, Армения, Грузия, Исламскую Республику, Туркменистан и отдаленные страны: США, Узбекистан, Турция, Туркменистан, КНР, Японию и страны Европейского Союза.

Конечно, наблюдается повышение интереса к Каспийскому региону, так как если раньше он привлекал внимание только прикаспийских государств, то сейчас наблюдается повышенный интерес со стороны государств, находящихся уже вне Каспийского региона. Одной из главных особенностей Каспийского региона является так называемый «энергетический эллипс», который создан совместно со странами Персидского залива, в котором зарегистрировано до 70% мирового запаса нефти и до 40% природного газа, что является, в какой-то степени кладом, мирового масштаба.

Актуальность данной работы заключается в том, что политические отношения стран Каспийского региона являются одной из самых важных и сложных проблем современной геополитики. Необходимость исследования геополитических, геостратегических, геоэкономических и политико-территориальных аспектов общественной жизни в данном регионе обусловлена расположением Каспийского региона, которое делает его связующим звеном между такими ключевыми регионами, как Европа, Центральная Азия, Закавказье, Ближний и Средний Восток.

К началу XXI века проблемы Каспийского региона приобрели острое звучание и встали в разряд первоочередных задач с точки зрения обеспечения военной, политической и экономической безопасности страны в этом регионе. Целью работы является раскрытие основных проблем Каспийского региона, которые отражены в особом международно-правовом и геополитическом статусе, при этом учитывая интересы Ирана.

При историографическом обзоре темы «Каспийский диалог: Иран», стоит в первую очередь выделить авторов Агаева Э. и Казакова В. [1], которые в своем труде «Каспий: быть или не быть» подняли вопрос о вопросах защиты окружающей среды прикаспийского региона, политику, направленную на добычу нефти, а также состояния природной сферы и экологии. В данном случае можно предположить, что проблема экологии была важнее и играла большую роль ещё до определения статуса и использования природных ископаемых.

В работе по анализу экологии и различным аспектам борьбы с загрязнением Каспийского региона и моря в разное время занимались такие авторы как: Мухина Е. В. и Игнатова Е. И. [2], Наземцев В. и Михно Н. [3], Закиев Ф. и Петров М. [4], Барсегов Ю. Г. [5].

Другой автор Мамедов Р.Ф. [6] в своей статье «МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЙ СТАТУС КАСПИЙСКОГО МОРЯ: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА (вопросы теории и практики)» он рассматривает историю Каспийского моря с древнейших времен до 1991 года. Также он раскрывает важные аспекты договоров между Российской Империей и Персией, в дальнейшем СССР и Ираном.

Вопросы международно-правового статуса Каспия также анализировали в своих трудах Федоров Ю.Е. [7], Куандыков Б.М. [8], Мерзляков Ю.Н. [9], Бекяшев К.А. и Магеррамов А.А. [10] В работах, как правило, выделялись главные позиции по урегулированию данного вопроса, предположительное разделение территорий Каспийского моря и минеральных ресурсов.

Зарина Габиева, атташе Департамента по культурным связям и делам ЮНЕСКО МИД России, в своей работе «Правовой статус Каспия» [11] и дает содержательную историческую справку, связанную рассматривает статус Каспия с разных точек зрения и считает, что определение правового статуса Каспийского моря может стать точкой отсчета для решения большинства проблем данного региона.

В своей работе Казманов Нурлан Куатович, Бахытова Алия Еркиновна «Проблемы юридического статуса каспийского моря: позиции прикаспийских государств» рассматривают взгляды и позиции Ирана, Азербайджана, Казахстана и Туркменистана [12].

В работе «Внешняя политика Ирана в Каспийском бассейне» автор работы главным вопросом ставит вопрос о разделе Каспийского моря и претензии Ирана насчет этого [13].

Проблема Каспийского моря возникла задолго до образования СССР, еще во времена существования Российской Империи после "Персидского похода" Петра I (1722-1723 гг.). Российско-персидские трактаты предоставляли России уникальное право иметь военный флот на Каспийском море на вечные времена. Персия сохраняла право только на торговое судоходство. Это означало полное подчинение Каспийского моря российской юрисдикции. Иными словами, Каспий тогда рассматривался как внутренний (внутриконтинентальный) водоем России, а не как международное море или межнациональное озеро [1]. Статус Каспия с тех пор определялся исключительно между двумя государствами: с одной стороны

